



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ, ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ:

Әлемнің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі болады. Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы 3 есе ұлғайып, халқының саны 4 есе өсті. Сарапшылардың болжамынша, елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай 2 миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты. Мегаполистердің табысты болуының басты көрсеткіші оның тұрғындарының тұрмыс сапасымен өлшенуі тиіс. Сондықтан елорданы дамыту және абаттандыру кезінде біз «адам қала үшін емес, қала адам үшін» қағидатын басшылыққа аламыз.

2-3



№79-80  
(4513)

Бейсенбі  
6 шілде  
2023 жыл



# ASTANA

ELORDA  
AQPARAT  
МЕДИА ХОЛДИНГІ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



## ЕЛ ЖҮРЕГІ – ЕЛОРДА, ӨРКЕНДЕЙ БЕР!

### Құрметті қала тұрғындары!

Сіздерді елордамыздың 25 жылдығымен шын жүректен құттықтаймын!

Астана ширек ғасыр уақыт ішінде еліміздің білім беру, мәдени, медициналық және іскерлік орталығына, миллион тұрғыны бар, жастық шақтың, инновацияның және шығармашылықтың рухы орнаған қалаға айналды. Бұл – мәдени өмірдің көрікті мекені, студенттердің, жас отбасылардың қаласы.

Ауқымды құрылыс бағдарламасының арқасында 25 жыл ішінде шамамен 33 миллион шаршы метр тұрғын үй, 670 балабақша мен мектеп, 43 мәдени және мыңнан астам спорт нысанын салдық. Алдағы екі жыл ішінде тағы 30 балабақша, 40 мектеп, 15 қосымша білім беру орталығын салуды жоспарлап отырмыз.

Спорт инфрақұрылымдарын дамытудың арқасында Астана халықаралық спорт іс-шаралары өтетін орталық болды. Келер жылы Астанада V Дүниежүзілік көшпенділер ойыны өтеді, оған көптеген елдің спортшылары қатысады.

Ал шығармашылық ұжымдарымыз халықаралық аренада еліміздің оң қырынан танылуына септігін тигізіп келеді. «Астана опера», «Астана балет», Қ.Қуанышбаев атындағы театр еліміздің мәдени өмірінің ажырамас бөлігі саналады.

Астана жаһандық сауда ағындарының хабына, ең ірі тұтыну нарығына және еліміздің негізгі көлік-логистикалық торабына, креативті экономика мен бизнестің орталығы ретінде қалыптасты. Біз біріге отырып, болашақтың қаласын құрдық, осылайша туристер, шетелдік инвесторлар және әлемдік деңгейдегі компаниялар қызығатын шаһарға айналдық.

Астана – экономикалық деңгейде ілгерілеп, алға ұмтылып келе жатқан қала ғана емес, сол сияқты егеменді, қуатты және сенімді түрде дамып келе жатқан мемлекеттің бейнесі. Бәріміз бірге жұмыла отырып, Еуразия орталығында болашақтың қуатты, гүлденген және бірегей қаласын құрып жатырмыз.

Келбеті көз сүйсіндірер Астанамыздың туған күні құтты болсын!

Жеңіс ҚАСЫМБЕК,  
Астана қаласының әкімі



ҰДАЙЫ ӨСУ  
ҮСТІНДЕ

5



МЕРЕКЕЛІК  
ШАРАЛАР ШЕРУІ

12

ВАЛЮТА  
БАҒАМДАРЫ

€ EUR/KZT 483.47 \$ USD/KZT 443.84 ₰ RUB/KZT 4.9 ¥ CNY/KZT 61.85

@NurSultanNewsBot | t.me/elordainfo

www.astana-akshamy.kz



# АСТАНА – БІРЛІК ПЕН БЕРЕКЕНІҢ БЕСІГІ

4-5 шілдеде Конгресс-орталықта «Астананың 25 жылдығы. Жаңа даму бағдарлары. Жаңа мүмкіндіктер» деген атаумен елорданың 25 жылдығына арналған бауырлас қалалар басшыларының мерейтойлық форумы өтті. Алқалы жиынға Астанамен бауырлас 17 қаланың басшысы, әлемнің 15 елінен танымал сарапшылар, халықаралық бизнес, қаржы институттарының көшбасшылары, мемлекет және ғылым қайраткерлері, үкіметтік емес және халықаралық ұйымдардың өкілдері, дипломаттар, отандық және шетелдік БАҚ тілшілері бар 1300-ден аса адам қатысты.

Төлен  
ТІЛЕУБАЙ

## ЕЛОРДАНЫҢ ЖЫЛНАМАСЫ – ТӘУЕЛСІЗ ҚАЗАҚСТАН ШЕЖІРЕСІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев форумның салтанатты ашылу рәсіміне қатысып, сөз сөйледі. Президент жиынға қатысқан бауырлас қалалардың басшыларына, әлемнің көптеген елінен арнайы келген мәртебелі меймандарға ризашылығын білдірді. Сөзінің басында Президент Астананың 25 жылдағы қалыптасу тарихына, жеткен жетістіктеріне қысқаша тоқталды.

«Бұл – мерейлі белес. Біз ширек ғасыр бұрын астанамызды Алатаудың баурайынан Арқа төсіне көшірдік. Есідің жағасына ел қондырып, жаңа қаланың іргесін қаладық. Бүгін осы маңызды жиынға елорданың бұрынғы әкімдері, қаламыздың құрметті азаматтары, еңбек ардагерлері, мәдениет, ғылым, спорт қайраткерлері, ғалымдар, ұстаздар, мемлекеттік қызметшілер қатысып отыр. Олар Тәуелсіз Қазақстанның тірегі болған Астананың құрылысына белсене атсалысты, кеңес заманындағы ескі шаһардың қазіргі заманға сай озық қалаға айналуына зор үлес қосты. Мен баршаңызға шынайы алғыс айтамын. Шын мәнінде, Астана қаласының салынуы – Тәуелсіз Қазақстанның тарихында айрықша мәні бар оқиға болды. Өздеріңізге мәлім, елорданы көшіру оңай болған жоқ, қомақты жұмыс істелді. Бұл шешім өте күрделі кезеңде қабылданды. Ел экономикасы тоқырауда болды. Жұрт



**Фелипе Рамон Мороз Родригес, Бразилия Федералдық округі Мәдени мұраны қорғау министрінің орынбасары:**

– Алты жылдан астам уақыт бойына Бразилия халқы еліміздің ұлылығын, адамдарымыздың әлеуетін көрсететін астана құруды армандады. Бес жыл табанды жұмыстың арқасында біз арманымызға жетіп, бразилиялықтарды шабыттандыратын, жарқын өмірге бастайтын бірегей заманауи қала жасадық. Біздің қаламыз 4 негізгі қағидат бойынша ойластырылған, яғни тұрғындарға жайлы қала, көпшілік қала, табиғи көркем және ұлы армандарға ұмтылатын қала. Бүгін Қазақстан астанасынан да біз сол қағидаттарға тән аураны сезіндік. Әр елдің мәдени мұрасы – нағыз қазына байлығы.

Ол біздің бұрын кім болғанымызды және алда қай жолмен бағыт алатынымызды көрсетеді. Біздің қалаларымыз – мәдениеті бай, қызу өмір қайнап жатқан шаһарлар. 2022 жылы Бразилия ибероамерикалық мәдени астана атанды, Астана қаласынан да рухани, мәдени мол мұраның ізін көрдік, мәселен, Орталық Азиядағы ең үлкен музейлердің бірі осында екен. Бразилия мен Астана географиялық орналасуы жағынан алыс жатқан қалалар болса да, оларды бір-бірімен жарқын өмірге, мейірім мен руханилыққа ұмтылысы біріктіреді және соның бәрі оның сәулетінен көрініс тауып тұрады.



**Весна Видович, Сербия астанасы Белград мэрінің орынбасары:**

– Астана мен Белград – бір-біріне ұқсас қалалар, екеуі де өркендеу жолында аз ғана уақытта мол табысқа жетті. Екі елдің басшылары – Александр Вучич пен Қасым-Жомарт Тоқаевтың достығы секілді екі мемлекетті дәстүрлі ізгі қарым-қатынас байланыстырады. Екі ел арасында шешілмеген мәселе жоқ. Біз жоғары деңгейдегі саяси диалогты одан әрі ілгерілетіп, екіжақты ынтымақтастықты, әсіресе сауда-экономикалық қатынасты дамытуға мүдделіміз. Қазақстанның біздің елдің аумақтық тұтастығын, халықаралық құқығын қолдауын жоғары бағалаймыз. 2016 жылы Астана мен Белград арасында ынтымақтастық туралы хаттамаға қол қойылды. Содан бері көптеген сала бой-

ынша ынтымақтастық қарқын алып келеді. Белград пен Астана соңғы жылдары экономикалық жағынан қарқынды дамуда. Екі астана өз аймағындағы маңызды орталыққа айналды. Соңғы жылдары екі қала да өркендеу мен модернизацияның символы болып отыр. Алдағы уақытта ынтымақтастығымыз одан әрі ілгерілейтініне сенімдімін. Астанада біздің атақты ғалым Никол Тесланың көшесі бар. Ал Белградта ұлы ақын Жамбыл Жабаевқа ескерткіш орнатылды. Сербия Республикасының «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесінде өз павильоны болды. Ал Белград 2027 жылы мамандандырылған көрменің қожайыны болады. Сіздермен Белградтағы көрмеде кездесуді асыға күтеміз!

уы Астана болып өзгертілді. Елорданың жылнамасы Тәуелсіз Қазақстанның шежіресімен тығыз астасып жатыр. Шын мәнінде, астананы көшіру геосаяси тұрғыдан өте дұрыс

қадам болды. Бұл – халқымыздың болашақ тағдырын айқындаған аса маңызды және дер кезінде қабылданған тарихи шешім» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев Тұңғыш Президенттің осы бастамасы жаңа ұлттық идеяға айналғанына назар аударып, Нұрсұлтан Назарбаевтың еңбегіне лайықты, әділетті баға беру керек екенін айтты. Президенттің пікірінше, Әділетті Қазақстанда ақты ақ, қараны қара деу қажет, басқа сөзбен айтқанда, ненің шындық, ненің өтірік екенін ажырата білу керек. Бұл – еліміздің болашағына тікелей қатысы бар мәселе. Мемлекет басшысы жаңа елордамыз Тәуелсіз Қазақстанның өркендеуіне тың серпін бергенін, жаңару мен жаңғыруға жол ашқанын, бас қаламызда көптеген іс-шаралар ұйымдастырылғанын, елордамыз дінаралық диалог пен рухани дипломатияның ордасына айналғанын атап өтті.

## АСТАНА – БЕЙБІТШІЛІК АЛАҢЫ

Сондай-ақ Астананы бірлік пен берекенің бесігі деуге толық негіз бар екенін, бұл қалада ең маңызды шешімдер қабылданатынын, болашақта да солай бола беретінін жеткізді. «Астана – болашағы зор қала. Осы орайда, біз «жасыл қала» идеясын жүзеге асыруға айрықша мән береміз. Елордамыз, ең алдымен, тұрғындарға ыңғайлы қала болуы керек. Астана – аймақтағы ірі қаржы орталығы. Әлемнің 75 елінің екі мыңнан аса компаниясы бизнес жүргізу үшін Астана халықаралық қаржы орталығын таңдады. Бүгінде Қаржы орталығы елімізге 8 миллиард доллар инвестиция тартты. Бұл – жақсы көрсеткіш. Әлемдік саясатшылар Астананы бейбітшілік алаңы дейді. Ұстанымы бөлек, мүдделері кереғар елдер осында бітімге келді. Келешекте де Астана біздің геосаяси аймақтағы маңызды орталық ретінде

дами бермек. Мен бұған кәміл сенемін» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент астаналар мен ірі мегаполистер – мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени өмірінің өзегі екеніне тоқталды. Олар мемлекеттердің өркендеуінде жетекші рөл атқарады. Инвестицияларды, инновациялық технологияларды, ең бастысы, адами капиталды тарта отырып, қалалар орасан зор күш шоғырланатын ортаға айналады. «Адамдар және олардың шығармашылық қуаты, бірегей білімі, креативті идеясы мен отаншылдық рухы – ұлт жетістігінің негізгі факторы. Сондықтан қалаларды тиімді басқару және урбанистикадағы жаңа үрдістерді жүйелі зерделеу қажет. Бұл мәселе болашаққа ұмтылған әр мемлекет үшін, оның ішінде Қазақстан үшін де стратегиялық маңызға ие бола бастады. Орнықты даму саласындағы БҰҰ мақсаттарының бірі қаланы дамытуға арналған. Бұл кездейсоқ емес. Қазақстанда біз осы бағытқа ерекше назар аударамыз. Әлемнің жылдам дамып келе жатқан астаналарының қатарына кіретін елордамыз басқа қалалардың дамуына үлгі болады. Өткен ширек ғасырда еліміздің бас қаласының аумағы үш есе ұлғайып, халқының саны төрт есе өсті. Сарапшылардың болжамы бойынша елорда тұрғындарының саны 2030 жылға қарай екі миллионға жетеді. Ел астанасы мәртебесіне ие болған сәттен бері қаланың экономикалық әлеуеті 100 еседен астам артты. Қазір қала экономикасы елдегі жалпы ішкі өнімнің 10 пайыздан астамын құрайды» деді Мемлекет басшысы.

## ЕҢ ОЗЫҚ 21 ШАҒАРДЫҢ ҚАТАРЫНА ЕНДІ

Алайда үлкен көрсеткіштер қаланың үйлесімді дамуымен үнемі сәйкес келе бермейді. Президенттің пікірінше, мегаполистердің табысты болуының



басты көрсеткіші оның тұрғындарының өмір сүру сапасымен өлшенуге тиіс. Сондықтан елорданы дамыту және абаттандыру кезінде «адам қала үшін емес, қала адам үшін» қағидатын басшылыққа алу маңызды.

«Астананың барша тұрғыны мен қонақтары үшін қалада барынша қолайлы орта қалыптастыру – аса маңызды мәселе. Біз бәріне тең мүмкіндік берілетін қоғам құру жолын таңдадық және осы бағытта дамып келеміз. Сондықтан өзара жауапкершілік пен азаматтық ынтымақтастыққа негізделген инклюзивті дамуға айрықша мән береміз. Білім беру, денсаулық сақтау нысандары, мәдени-демалыс мекемелері, саябақтар мен қоғамдық орындар қаланың барлық тұрғынына бірдей қолжетімді болуға тиіс. Әсіресе, ерекше қажеттілігі бар азаматтарға арналған қала инфрақұрылымының қолжетімділігін арттыру керек. Бұл бағыттағы жұмыстарды әлі де жетілдіре түсу қажет. Оны мойындауымыз керек. Біз қала аудандарын дамыту ісіндегі теңсіздікті жоспарлы түрде жоюымыз керек. Орталық көшелерді ғана жарқыратып қойып, қаланың шеткері аудандарына көңіл бөлмеу әділетті қоғам идеясына сай келмейді» деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев қалаларды барынша сапалы басқару ісінде жаңа мүмкіндіктерге жол ашатын технологияның рөліне айрықша тоқталды.

«Ақылды қала» тұжырымдамасын жүзеге асыру азаматтарға жаңа цифрлық қызмет ұсынуға, ғимараттардың энергия тұтыну тиімділігін айтарлықтай жетілдіруге, сондай-ақ көлік ағынын түбегейлі оңтайландырып, көшедегі қауіпсіздікті арттыруға мүмкіндік береді. Бірақ – біз үшін ең өзекті міндет. Сонымен қатар адамдарға өзара тығыз байланыс орнатуға көмектесіп, азаматтар мен бизнестің қаладағы өзекті проблемаларды көтеріп, оларды шеше алатын белсенді қоғамдастық құру ісіне атсалысуына ықпал етеді. Астана бұл бағытта дамып келеді және бірқатар жетістікке жетті. Intelligent Community Forum беделді халықаралық ұйымының мәліметі бойынша елорда әлемдегі ең интеллектуалды қоғамдастықтың бірі ретінде озық 21 шаһардың қатарына енді. Сонымен қатар қаламызда Орталық Азиядағы ең ірі Astana Hub халықаралық IT-стартаптар технопаркі құрылды. Бұл технопарк тек еліміздің ғана емес, бүкіл аймақтың цифрлық трансформациясына елеулі үлес қосады» деді Мемлекет басшысы.

Сөзін қорытындылай келе, Президент елімізде Әділетті Қазақстан құру үшін ауқымды институционалдық өзгерістер жүзеге асырылып жатқанына назар аударып, маңызды саяси реформалар нәтижесінде азаматтардың мемлекеттік, әсіресе, жергілікті жерде шешімдер қабылдауға қатысу мүмкіндігі едәуір кеңейгенін атап өтті.

«Еліміздегі қала тұрғындары енді өздері сыйлайтын әрі сенетін депутаттарды таңдау мүмкіндігіне ие болды. Бұл жауапкершілігі мол азамат қағидаттарын орнықтыруға елеулі үлес қосады. Адамдардың өз қаласындағы тұрмыс-тіршілікті жақсарту ісіне ықпал етуге мүмкіндік береді. Алайда қоғамның құндылықтар жүйесі жаңғырмай, барлық реформамыздың мәні болмайды. Бұған көміл сенемін. Қазақстанның орнықты дамуы үшін дүниетаным парадигмалары түбегейлі өзгеріп, адамдардың мінез-құлық моделі жаңаруы қажет. Сондықтан мен жастарға, қалалар мен елорданың жас тұрғындарына үлкен үміт арттамын» деп түйіндеді сөзін Қасым-Жомарт Тоқаев.

Форумның аясында бүгінгі таңдағы жаһандағы өсу мен инновациялардың негізгі орталықтары – қалаларды дамытудың ең өзекті мәселелері және оларды шешу жолдары талқыланды. Іскерлік бағдарлама шеңберінде әртүрлі сала бойынша 8 панельдік сессияның отырысы өтті.



**Бамбанг СУСАНТОНО, Индонезияның болашақ астанасы – Нусантара әкімшілігінің басшысы:**

– Елорда әкімі Жеңіс Қасымбек мырза екеуіміз ынтымақтастық үшін Астана мен Нусантара арасындағы өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойдық. Ынтымақтастық меморандумы Астана мен Нусантара тұрғындары арасындағы экономикалық дамуға көмектесіп, екіжақты қарым-қатынасты дамытуда білім мен тәжірибе алмасу алаңы болады. Бұл екі қала мен екі елдің одан әрі

дами түсуіне мүмкіндік береді. Бауырлас қалалар форумының екіжақты қарым-қатынасты одан әрі дамытудағы маңызы зор. Бүгінгі іс-шара өзара қарым-қатынасымызды дамытуға арналған. Мен Қазақстан Президентіне бұл тарихи өзгерістердің жаңа дәуірі екенін түсінгені үшін алғыс айтуым келеді. Өйткені қазір әлемде түрлі сын-қатер болып, қалалар қиындықтарға тап болып жатқанын көріп отырмыз.



**Олег МЕЛЬНИЧЕНКО, Пенза облысының губернаторы:**

– Қазақстан Пенза облысының стратегиялық маңызды әлеуметтік-экономикалық серіктестер тобына кіреді. 2022 жылы Сур өлкесінен Қазақстанға жеткізілетін жалпы экспорт көлемінің 22 пайызы Астананың үлесіне тиеді. Бірқатар кәсіпорын 2023 жылы өз көрсеткішін айтарлықтай жақсартты. Пенза облысының кәсіпорындары Астанада өтіп жатқан халықаралық көрмелерге белсене қатысады. Қыркүйек айында Пенза өнеркәсіпшілері Астанада өтетін кен жабдықтары мен ми-

нералдарды өндіру және байытудың қазақстандық халықаралық көрмеде өңірді таныстырады. Пенза мемлекеттік университетінде қазір Қазақстаннан 22 студент пен аспирант оқиды. Біздің балалар Қазақстандағы олимпиадаларға қатысады, біз өңірдегі қазақстандық жастарды шығармашылық және ғылыми конкурстарға да қатысуды ұсынамыз. Бұл форум сауда-экономикалық байланысты дамытуға да, бізді көптеген ғасыр бойы байланыстыратын достықты нығайтуға да септігін тигізеді.



4 шілдеде алыс-жақыннан келген қонақтар «Нұр әлем» сферасының алдына тал егіп, «Астана Опера» театрында «Аида» қойылымын тамашалады. 5 шілдеде форумның салтанатты ашылуы және панельдік сессиялары өтті.

«Қалаларды цифрлық трансформациялау: инновациялық жобалар, бағдарламалар және технологиялар», «Экономикалық өсімнің негізгі драйвері ретінде қалаларға инвестиция салу», «Болашаққа бағытталған қалаларды басқару», «Медициналық туризмнің әлемдік нарығы: проблемалары және өсім драйвері», «Медициналық туризмнің картасындағы Астана» деп аталған панельдік сессиялардың жұмысына АҚШ, Ұлыбритания, Германия, Италия, Израиль, Түркия, Польша, Үндістан, Ресей, Қытай сияқты 24 мемлекеттен келген меймандар қатысты. Астанамен бауырлас 17 қаланың 6-уының, атап айтқанда, Рабат, Қазан, Нусантара, Пенза, Омбы, Бішкек қалаларының мэрлері, Баку, Ашхабад, Минск, Душанбе, Бразилия, Белград қалалары мэрлерінің орынбасарлары, сондай-ақ Мәскеу, Ташкент, Сиань, Томскінің әртүрлі деңгейдегі басшылары қатысты.

**ДАМУДЫҢ ЖАҢА МОДЕЛІН ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ**

Форумда сөз сөйлеген Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек ел алдымен шетелден келген мэр-тебелі меймандарға жоғары ілтипат көрсетіп, әлемнің 13 мемлекетінен

17 муниципалитет басшыларының осы форумға қатысуы біз үшін үлкен мәртебе екенін атап өтті.

«Баршаныңды бұл жиынға қатысуларыңды біз жоғары бағалаймыз. Бұл форум өзара ынтымақтастықты дамытып, бірлесіп дамудың жаңа моделін қалыптастырады деген сенімдемін. Астана қаласы – Қазақстанның маңызды жобаларының бірі. Алғаш рет XX ғасырдың соңында іргесі қаланып, ғасырлар тоғысындағы шекарадан өтіп, біздің Астанамыз әлемдік танымалдылыққа ие болды және бүгінде дамыған экономикасы мен инфрақұрылымы бар заманауи мегаполиске айналды» деді Ж.Қасымбек.

Әкім 25 жылда қаланың жалпы өнімі 22 миллиард долларға, яғни 10 триллион теңгеге дейін, ал өнеркәсіп өнімі 4,3 миллиард долларға жеткенін, яғни 2 триллион теңгеге дейін артқанын мәлімдеді. Қала басшысы Астана таланттар, туристер, инвесторлар және креативті идеялар үшін аймақтық хабқа айналғанын тілге тиек етті.

«Небәрі 25 жылда біз 33 миллион шаршы метр тұрғын үй, 670 балабақша мен мектеп, 100-ден астам мәдени және спорт нысандарын салдық. Астана әлемдік деңгейдегі таланттарды, жастарды, туристерді, инвесторларды және компанияларды тартатын креативті экономикасы бар сауда үшін өңірлік хабқа айналды. Шағын және орта бизнеске негізделген қала экономикасының өзін-өзі қамтамасыз ететін құрылымы қалыптасты» деді Жеңіс Қасымбек.

Қала басшысының айтуынша, Астана – экономикалық өсу мен дамудың қаласы ғана емес, сонымен қатар, тәуелсіз, күшті және сенімді дамып келе жатқан мемлекеттің бет-бейнесі.

«Қала құрылысы – бұл екі қозғаушы күштің синергиясы: дамыған инфрақұрылым және сапалы қалалық басқару. Ал оның бәсекеге қабілетінің үш факторы – ол жаһандық экономикаға тартылған сауда секторларының болуы, қаланың таланттарды тарту қабілеті және инновациялардың үздіксіз генерациясын қамтамасыз ететін инновациялық экожүйенің болуы. Сондықтан біз тәжірибе, идеялар мен инновациялар алмасуға қуаныштымыз. Баршаңызға осы форумда табысты және нәтижелі жұмыс тілейміз» деп сөзін түйіндеді Ж.Қасымбек.

Сонымен қатар жиында Рабат қаласының мэрі Асмаа Рхлалу (Марокко), Нусантара қаласы ұлттық астаналық басқармасының басшысы Бамбанг Сусантоно (Индонезия), Пенза облысының губернаторы Олег Мельниченко (Ресей), Бразилия федералды округінің мемлекеттік хатшысы Фелипе Рамон Моро Родригез (Бразилия), Бішкек қаласының мэрі Эмильбек Әбдіқадыров (Қырғызстан), Белград қаласының вице-мэрі Весна Видович (Сербия) сөз сөйледі.

**ХАЛЫҚТЫҢ 70 ПАЙЫЗЫ МОБИЛЬДІК ҚОСЫМШАЛАРДЫ ҚОЛДАНАДЫ**

«Қалаларды цифрлық трансформациялау: инновациялық жобалар, бағдарламалар және технологиялар» атты панельдік сессияда Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің бірінші орынбасары Қаныш Төлеушин еліміздегі цифрлық салада жүзеге асырылып жатқан бастамалар туралы айтты. «Халық пен бизнестің күнделікті тұрмысын цифрлық шешімдер арқылы жақсарту керек. Цифрлық шешімдер қолжетімді болуы үшін дұрыс инфрақұрылымды дамытуымыз керек. Сондай-ақ талантты, дарынды мамандарды даярлауымыз қажет болып отыр. Білікті мамандар болған кезде кең технологиялық компаниялар бұл салаға инвестиция құяды. Реттеу тетіктерінің ашық әрі тұрақты болуы да аса маңызды рөл ойнайды» деді Қ.Төлеушин.

Ол цифрлық салада қызметтерді дамытуға ерекше назар аударылатынын атап өтті.

«Оның барлығы адамдарға қызмет етуге бағытталған. Халықтың 70 пайызы мобильдік қосымшаларды қолданады. Қызметтердің басым бөлігі смартфон арқылы жасалса, тиімді болады. Пандемия кезінде біз бұл мәселемен тікелей бетпе-бет келдік. Сондықтан осы бағытта нақты бағыттар бойынша жұмыс істеп жатырмыз» деді құзырлы министрлік өкілі.

**МЕДИЦИНАЛЫҚ ХАБ САЛЫНАДЫ**

Бұл туралы мерейтойлық форум аясындағы «Экономикалық өсімнің негізгі драйвері ретінде қалаларға инвестиция салу» атты пленарлық сессияда мәлім болды. Сессия жұмысы аяқталған соң, бауырлас қалалардың инвестициялық жобалары туралы бірқатар меморандумға қол қойылды. Салтанатты рәсімге Астана қалалық Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасының басшысы Халел Әкімжанов және «Synosure» компаниясының директоры Айдар Сауранбаев қатысты.

Астана әкімдігі мен «Synosure» компаниясы арасындағы алғашқы келісім жеке инвесторлардың қатысуымен медициналық хаб салу жөніндегі жобаны іске асыру мақсатында жасалды. Медициналық кешенде емхана, диагностикалық және оңалту блоктары, бизнес-орталық, сондай-ақ, шақырылған шетелдік мамандарға арналған пәтерлер мен қонақ үй болады.

**ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ**

**1997**

**1 қаңтар** – Ақмола экономикалық аймағы құрылды.  
**20 қазан** – Елбасының «Ақмола қаласын ҚР астанасы деп жариялау туралы» Жарлығы шықты.  
**8 қараша** – Ақмолаға Қазақстанның мемлекеттік рәміздері мен Президент байрағы салтанатты жағдайда жеткізілді.  
**10 желтоқсан** – Президент Н.Назарбаевтың Жарлығымен Ақмола Қазақстанның астанасы болып ресми түрде жарияланды.

**1998**

**6 мамыр** – Ақмола қаласын Қазақстанның елордасы – Астана қаласы деп атау туралы Жарлық жарияланды.  
**20 мамыр** – «Астана статусы» туралы заң қабылданды.  
**2 маусым** – Астанада Қазақ ұлттық музыка академиясының тұсаукесер рәсімі өтті.  
**10 маусым** – Астананың ресми тұсаукесері өтті.

**1999**

**10 қаңтар** – елімізде Президент сайлауы өтті. Бұл ел тарихына тұңғыш баламалы сайлау ретінде жазылды.  
**20 қаңтар** – еліміздің бас басылымы «Егемен Қазақстан» газетінің редакциясы елордаға қоныс аударды.  
**19 ақпан** – Астанада Орталық Азия мемлекеттері басшыларының саммиті өтті.  
**1 шілде** – Астана қаласы ЮНЕСКО-ның «Әлем қаласы» сыйлығымен марапатталды.  
**22 қараша** – Астанада «Қазақстан-Еуропалық кеңес» ынтымақтастық комитетінің бірінші отырысы өтті.

**2000**

**10 ақпан** – Президент Жарлығымен еліміздің әскери доктринасы бекітілді.  
**10 маусым** – Қазақстан Республикасының мемлекеттік музейі ашылды.  
**23 тамыз** – ҚР Президенті Н.Назарбаев «Қазақстан Республикасының Ұлттық қорын құру туралы» Жарлыққа қол қойды.  
**17 қазан** – Астанада Күләш Байсейітова атындағы ұлттық опера және балет театрының шымылдығы көрнекті композитор Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсымен ашылды.

**2001**

**6 наурыз** – елордада «Қазақстан» спорт сарайы ашылды.  
**11 мамыр** – Есілдің жағасында Кенесары хан ескерткіші ашылды.  
**29 маусым** – Мемлекет басшысы «Астана – жаңа қала» арнайы аймағы экономикалық аймағын құру туралы» Жарлыққа қол қойды.  
**22 қыркүйек** – Рим папасы Иоанн Павел II бас қаламызға ұшып келді.  
**28 қыркүйек** – Есілдің сол жағалауында Ақорда резиденциясының қазығы қағылды.

**2002**

**5 қаңтар** – «Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймағын құру туралы Елбасы Жарлығы күшіне енді.  
**3 маусым** – «Ақмола» вагон жөндеу зауытының алғашқы жүк вагоны шығарылды.  
**14 қыркүйек** – Астана қаласындағы «Шұбар» кентінде «Vita» ас суын шығаратын жаңа кәсіпорын пайда болды.  
**17 қазан** – Қазақстанға Біріккен Ұлттар Ұйымының Бас хатшысы Кофи Аннан келді.

**2003**

**23 қаңтар** – ҚР Президенті Н.Назарбаев Давостағы 33-дүниежүзілік экономикалық форум жұмысына қатысты.  
**19 наурыз** – Астанада «Қазақпарат» ұлттық компаниясының тұсауы кесілді.  
**7 мамыр** – Есілдің сол жағалауында Қорғаныс министрлігінің жаңа әкімшілік ғимараты бой көтерді.  
**20 маусым** – ҚР Жер кодексі қабылданды.  
**13 қазан** – ұзындығы 1225 шақырым «Алматы-Астана» автожолы салтанатты жағдайда ашылды.

**2004**

**5 ақпан** – Астана қаласында Ұлыбритания елшілігі ашылды.  
**1 сәуір** – «Астана Думан» ойынауық орталығының тұсауы кесілді.  
**10 маусым** – Астанада Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық кітапханасы салтанатты түрде ашылды.  
**19 қыркүйек** – Қазақстан Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауы өтті.

**2005**

**2 ақпан** – «Астана» әуежайы жаңа халықаралық терминалының ашылу салтанаты болды.  
**22 наурыз** – Ұлыстың ұлы күні – аз-Наурыз мерекесінде Есіл өзенінің сол жағалауында «Нұр Астана» мешіті пайдалануға берілді.  
**15-17 сәуір** – жас орындаушылардың «Жас қанат» XIV республикалық конкурсы өтті.  
**14 желтоқсан** – елорда тұрғындарына астаналық цирк есігін айқара ашты.



ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ

2006

12 сәуір – электрондық үкіметтің веб-порталы ашылды.
6 қыркүйек – Астана қаласы әкімдігінің ресми сайты іске қосылды.
15 қараша – Қазақстанның ұлттық валютасы – теңге жаңа басылыммен қайта шықты.

2007

26 сәуір – Астанада ашылған ең алғашқы №4 қазақ мектебіне 100 жыл толды.
5 шілде – Мемлекет басшысы Н.Назарбаев Астана қаласы индустриялық паркі аумағында салынатын үш зауыт құрылысының іргетасына капсула қойып, серпінді жобаның тұсауын кесті.
27 шілде – «Қазақстан Республикасының Білім туралы» заңы қабылданды.

2008

17 қаңтар – Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанға этникалық отандастарымыздың көшіп келу квотасы туралы» Жарлығы шықты.
29 тамыз – Астанада «Appie City Food» ет өңдеу зауыты іске қосылды.
5 қазан – АҚШ Мемлекеттік хатшысы Кандолиза Райс Қазақстанға ресми сапармен келді.

2009

25 ақпан-6 наурыз – Қазақстанда екінші ұлттық халық санағы жүргізілді.
1 шілде – Астанадағы Бейбітшілік және келісім сарайында Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының III съезі өтті.
2 қараша – Астанада Назарбаев университетінің іргетасы қаланды.
16 қараша – елорданың ең ұзын көпірі іске қосылды. Осылайша, Бөгенбай батыр даңғылындағы көлік жолайрығы толығымен пайдалануға берілді.

2010

1 қаңтар – Қазақстан ТМД аясында құрылған Кеден одағына кірісті.
28 мамыр – Астанада тұңғыш рет инновациялық жобалар форумы өтті.
13 қазан – елордалық «Астана ақшамы» газетінің шыға бастағанына 20 жыл толды.
1 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Еуропа Қауіпсіздік пен ынтымақтастық ұйымының Астана саммитін ашты.

2011

30 қаңтар – елордадағы «Астана Арена» стадионында VII қысқы Азия ойындарының байрағы желбіреді.
28 мамыр – Үкімет қаулысымен «Балапан» мемлекеттік бағдарламасы бекітілді.
12 шілде – Елбасының қатысуымен V Астана экономикалық форумы өтті.
1 маусым – елордадағы Республика даңғылы мен Абай көшесінің қиылысында «1932-1933 жылдардағы ашаршылық құрбандарының рухына тағзым» атты монумент бой көтерді.

2012

4 шілде – қазақтың ұлы күйшісі Құрманғазының ескерткіші салтанатты жағдайда ашылды.
1 желтоқсан – Қазақстанда алғашқы рет Тұңғыш Президент күні аталып өтілді. Астанада Президент шандарды көтерілді.
6 желтоқсан – Астана арнайы экономикалық аймағында электровоз құрастыратын зауыт ашылды.

2013

3 қаңтар – IV халықаралық форум аясында Мәскеу қаласында өткен «XXI ғасыр мегаполисі: Қала және балалар», «Өмір сүргін келетін қала» конкурсы байқауында Астана қаласы лауреат атанды.
24 тамыз – Қазақстан халқы Ассамблеясының XX мерейтойлық сессиясы өтті.
7 қараша – «ЭКСПО-2017» көрмесінің ең үздік эскиз-идеясын анықтайтын 105 компания қатысқан халықаралық байқауда АҚШ сәулетшілері ұсынған жоба үздік атанды.
3 желтоқсан – VI халықаралық байқауда Астана ТМД-дағы ең үздік қала деп танылды.

2014

17 мамыр. Санкт-Петербург қаласында Астананың мәдени күндері басталды.
2 маусым – «Астана-Шымкент» бағытында жүрдек пойыз жүре бастады.
3 шілде – елордада Қазақстан Республикасының Ұлттық музейі ашылды.
17 қараша – Орталық Азия елдері фестивалі мен III халықаралық кітап форумы аясында «Бабалар сөзі» атты қазақ фольклорының 100 томдығының таныстырылымы өтті.

2015

26 сәуір – кезектен тыс Президент сайлауы өтті.
20 мамыр – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын ұсынды.
7 мамыр – елордадағы «Жерұйық» саябағында Кеңес Одағының батыры, генерал-майор Иван Панфиловтың ескерткіші ашылды.



Төлен ТІЛЕУБАЙ

БОЛАШАҚТЫ БАҒДАРЛАҒАН БЕТБҰРЫС

«АСТАНА» – КӨҢІЛГЕ ҚОНЫМДЫ АТАУ

Астана күніне орай, газеттердің тігінділерін ақтарып отырып, Қасым-Жомарт Тоқаевтың бірнеше мақаласын көріп, бастан-аяқ оқып шықтым. Ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Егемен Қазақстан» газетінің 1998 жылғы 10 маусымда шыққан санында «Қазақстан мәртебесі» деген тақырыппен мақала жазып, Қазақстан егемендік алғалы бері бірінші рет астанасының орнын ауыстыруда тұрғылықты халықтың мүддесін ескере отырып, дербес шешім қабылдағанын жазыпты.

«Шын мәнінде Қазақстан астанасының орын ауыстыруы қандай геосаяси мәнге ие? Еуразия құрлығының дәл «жүрегінде» орналасқан Астананың XXI ғасырда халықаралық саясаттағы маңызды орталыққа айналу мүмкіндігі бар. Жаңа астананың Алматы қаласына қарағанда көркеюі үшін өндірістік нысандар, әлеуметтік инфрақұрылымдар, әуежайлар, әлемдік деңгейдегі офистер және қонақүйлер салу жағынан көптеген перспективалық артықшылықтары бар. Еліміздің астанасын көшіру халықаралық байланысты тереңдетуге үлкен септігін тигізбек. Мемлекет астанасының орналасу орны болашақта жолаушылар және жүк тасымалдаудың, үлкен халықаралық транзитті жолдар торабының түйісетін орталығы болмақ. Атап айтқанда, кіндік қала Еуропа елдерін Азия, Тынық мұхит аймағының жылдам дамумен келе жатқан аудандарымен тез және сенімді түрде байланыстырады» деп жазады аталған мақаласында Қасым-Жомарт Тоқаев. Ал бүгінгі таңда Қазақ елінің бас қаласы халықаралық саясаттағы маңызды орталыққа айналды. Биылдың өзінде елордамызда қаншама халықаралық жиындар, саммиттер өтті. Рим Папасының келуінің өзі төр қаламыздың әлемдік деңгейдегі абыройын асқақтатып, бақ-беделін өсірді. Астанада күллі әлемнің назарын аударған ғажайып ғимараттар бой көтерді. Бас қаламыз халықаралық транзиттік жолдар торабының түйіскен нүктесіне айналды.

Назар аударарлық жайттың бірі, Қасым-Жомарт Тоқаев осы мақаласында бір кездері кеңінен талқыға түскен Астана атауына қатысты өзінің мынадай ой-тұжырымдарын көлтіреді: «Бас қаланың Астана деген жаңа атауына келетін болсақ, оның бірнеше негіздері бойынша артықшылығы бар. Атап айтқанда, оның бір ғана түсіндірмесі бар және де бұл сөз нақты айшықталған мәнге ие. Астана атауы ешқандай да келенсіз саяси немесе тарихи тұрғындарға салынбаған. Жаңа атау құлаққа жағымды естіледі және графикалық тұрғыда мемлекеттік тілде де, сондай-ақ негізгі халықаралық тілдерде де сәтті көрінеді, оның үстіне естілу өзге іс жүзінде ешқандай өзгеріске ұшырамайды». Расында да көңілге қонымды әрі байыпты көзқарас.

Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрі Қасым-Жомарт Тоқаевтің «Қазақстан мәртебесі» атты мақаласының басталып кеткен бөлігі. Мәтінде «Астана» атауының тарихы, геосаяси мәні, еліміздің дамуына қатысты ой-тұжырымдары айтылған.

1998 жылғы «Егемен Қазақстан» газетіне шыққан Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақстан мәртебесі» атты мақаласы

түскен Астана атауына қатысты өзінің мынадай ой-тұжырымдарын көлтіреді: «Бас қаланың Астана деген жаңа атауына келетін болсақ, оның бірнеше негіздері бойынша артықшылығы бар. Атап айтқанда, оның бір ғана түсіндірмесі бар және де бұл сөз нақты айшықталған мәнге ие. Астана атауы ешқандай да келенсіз саяси немесе тарихи тұрғындарға салынбаған. Жаңа атау құлаққа жағымды естіледі және графикалық тұрғыда мемлекеттік тілде де, сондай-ақ негізгі халықаралық тілдерде де сәтті көрінеді, оның үстіне естілу өзге іс жүзінде ешқандай өзгеріске ұшырамайды». Расында да көңілге қонымды әрі байыпты көзқарас.

ҮМІТТЕР АҚИҚАТҚА АЙНАЛСА

Ал араға 20 жыл уақыт салып, тағы осы «Егемен Қазақстан» газетінде Қасым-Жомарт Тоқаевтың мақаласы басылыпты. «Бағалай білсек, біз – бақытты ұрпақпыз. Ата-бабаларымыз ғасырлар бойы армандаған Тәуелсіздік таңы атқанын көрдік. Дербес мемлекеттің құрылысына атсалыстық. Елімізді тәртүл дүниеге таныттық. Әсіресе тәуелсіздігіміздің ең қасиетті, қымбатты символы – жаңа елордамыздың бой көтергеніне

күә болдық. Осының бәрі нағыз бақыт емес пе?» деп басталатын мақаласында Қасым-Жомарт Тоқаев Астананың ел тарихы, ұлтымыздың болашағына бағытталған стратегия, даму барометрі екенін нақты дәлел-дәйектермен айтып қала жазады. «Астана – даму барометрі. Күнде өсіп, көркейіп жатқан елорданың қарқынды дамуы барысынан еліміздің экономикалық, саяси және әлеуметтік даму қарқынын көреміз. Қазақстан Тәуелсіздігінің 26 жылы ішінде экономикасы дамыған, үлкен амбициялық мақсат-мүддесі бар, алыс-жақын мемлекеттер санасын елге айналды» деп бейнелейді елорданың даму деңгейін Қасым-Жомарт Тоқаев. «Астана – орындалатын армандар мен үміттердің қаласы. Ғасырларға жететін тарих әрі ұрпақтан ұрпаққа кететін ескерткіш. Астана – қазақ халқының жаңаруының нышаны, үлкен үміттері ақиқатқа айналған қала екенін қазақстандықтар күн сайын сезінеді» деп аяқтайды мақаласын Қазақстан Президенті.

ЖЕЛІ ҰШЫРҒАН БАС КИІМ

Елорданың Алматыдан Астанаға көшірілуіне қатысты қызықты оқиғалар жерлерлік. Соның бірі – сол кездегі АҚШ-тың Қазақстандағы Төтенше

және Өкілетті елшісі Элизабет Джонстың желтоқсанның сақылдаған сары аязында елордаға алғаш келгендегі оқиғасы. Бұл туралы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Основание Астаны: Передислокация» атты деректі фильмде былайша еске алады: «Бұл оқиға 1996 жылы болған еді. Мен Алматыдағы шетелдік дипломатиялық корпус өкілдерін Ақмолаға шақырдым. Ол кезде қалада еңселі ғимараттар да, ағаштар жоқ еді. Мәртебелі меймандар ұшақтан түскен бетте желтоқсанның аязы беттерін қарыды. «Бұл жерде жаңа астанамыз бой көтереді» дедім мен қаланы таныстыруды бастап. Әлбетте, қонақтардың барлығы бұл сөзімді қалжыңға балады. Меніңше, ол жерде бір адамға ғана астананың Қазақстандағы елшісі болатын. «Бұл қала маған Ұлан-Батырды еске түсіреді» деп жымиды шетелдік дипломат. Бір сәтте бәріміз мынадай қызықты оқиғаға куә болдық. Кенет қатты желден қонақтардың бірі – АҚШ-тың Қазақстандағы елшісі Элизабет Джонстың бас киімі ұшып кетті. Біз дипломатиялық корпус болып, бәріміз жабылып 15 минут бойы боранды елең қылмай бас киімнің соңынан құдық. Сөйтіп, елші ханымның бас киімін тауып, өзінің қолына ұстаттық».

Қасым-Жомарт Тоқаев сондай-ақ алғаш астанаға қоныс аударғанда өзі тұрған қонақүйде ыстық су болмағанын да бейне бір түсі болғандай еске алады: «1997 жылы біз елордаға көштік. Мен ол кезде «Ишим» деп аталған қазіргі «Есіл» қонақүйіне орналастым. Бір күні қонақүйде мүлдем ыстық су болмай қалды. Суық судың өзі шүмектен тамшылап ағып тұрды. Қала әкімі Әділбек Жақсыбековке қоңырау шалып: «Әдеке, қонақүйде неге су жоқ?» деп сұрадым. Сол уақытта оған басқалар да суға қатысты шағымдарын айтқан болуы керек. Ол маған бірден: «Сіздер не астанаға жұыну үшін келгенсіздер ме?» деп қалжындап жауап қайырды».

КЕЛБЕТІН ЖАҚСARTY КЕРЕК

Мемлекет басшысы биыл 31 қаңтарда Астана қаласында даму мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, Астананың инфрақұрылымын дөйекті түрде дамыту қажеттігін мәлімдеді. «Урбанизация үдерісінің қазіргі қарқыны сақталатын болса, елорда халқының саны 2030 жылға қарай екі миллион адамға жетуі мүмкін. Қала тез үлкейіп келеді. Сол себепті қазіргі таңда Бас жоспарға қойылатын талаптар жиі бұзылады. Сондықтан инженерлік инфрақұрылымды кешенді түрде дамыту – басты міндет. Біздің мақсатымыз – елордамызды жылдың кез келген мезгілінде халқымызға және шетел адамдарына барынша қолайлы ету, Астананың келбетін мейлінше жақсарту. Өзенге жаю адам жүретін көпірлер салу керек. Мұндай өткел, әсіресе, қазір салынып жатқан Тәуелсіздік даңғылындағы көпірдің маңайына қажет. Көлік жүруге болмайтын көшелер жөнінде талай рет айтылды. Бірақ қалада ондай бірде-бір көше салынған жоқ. Жалпы, әлемдік тәжірибеде дәл осындай көшелер көптеп салынады. Бұл мәселені мұқият ойластыру керек. Білікті мамандарды тартып, оңтайлы шешім қабылдауға болады. Мысалы, бізде ЭКСПО аумағы бар. Бір қарағанда, өте әдемі жер. Бірақ қанырап бос жатыр. Шын мәнінде, оған жан бітіріп, жұрт жаппай демалатын орынға айналдыруға болады. Қоғамдық кеңістікті дамытудың бірыңғай тұжырымдамасын қабылдаған жөн» деді Президент.

Президент елордамыз дамудың жаңа үлгісіне көшуге, Астана инновациялық шаһар болуға тиіс екенін атап өтті. «Әлемде қаланы басқарудың жаңа цифрлық тәсілдері қарқынды түрде енгізіліп жатыр. Біз де бұған баса назар аударуымыз керек. Біз Астананы жасампаз, жайлы және таза қала қағидасына сәйкес дамытуымыз керек. Әлемдегі барлық озық тәжірибені тиімді пайдалануымыз керек» деп сөзін түйіндеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**А**стананы Ақмолаға көшіру туралы шешім қабылданған сәтте мұнда небары 290 мың адам болған. Бүгінде қала халқының саны 4,5 есе өсіп, 1 млн 370 мыңға жетті, бұл көрсеткіш бұрын қабылданған Бас жоспардағы болжамнан асып кетті. Қалада халық санының қарқынды өсіміне байланысты елорданы дамытуда бірқатар жаңа міндеттер қойылды. Бұл міндеттер тұрақты экономикалық өсімді сақтау, тұрғындардың өмір сүруіне қолайлы жағдай жасау, инфрақұрылымды дамыту және экологиялық тұрақтылықты қамтамасыз ету, миграциялық ағымды бақылау болып отыр. Миграцияның жоғары қарқыны жағдайында жаңа жұмыс орындарын құру жөнінен тиімді шаралар кешенін қабылдау қажет. Бірінші кезекте, жұмыс тұрақсыз адамдарды тіркеу және анықтау, жеке атаулы қолдау шараларын ұсыну, сұранысқа ие мамандықтар бойынша қысқа мерзімді тегін курстар ұйымдастыру және оларды әрі қарай жұмысқа орналастыру керек. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тапсырмасына сәйкес дәл қазіргі таңда елордада тұрғын үй алаптарын дамыту, апатты жағдайдағы ескі тұрғын үйлерді бұзу, әлеуметтік нысандар салу, құрылысы ұзаққа созылған нысандарды аяқтау, шағын және орта бизнесі қолдау, жұмыс орындарын ашу және қаланы абаттандыру мәселелерін шешуге ерекше көңіл бөлінуде. Сол тапсырмаға орай жылдың соңына дейін 60 мың жаңа жұмыс орнын ашуды жоспарлап отырмыз. Негізгі жұмыс орындары шағын және орта бизнес саласында құрылады. Бұл салада қазірдің өзінде елорданың экономикалық белсенді тұрғындарының 70%-ы жұмыс істейді. Биыл қалада жалпы ұзындығы 54 шақырымнан асатын 70-тен астам көше жөнделіп, 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістік абаттандырылады. Бүгінде аталған жұмыстың бір бөлігі орындалды.

Қазір алғашқы бөлігін қосып, ол – 30 мың текше метр. Толық іске қосылғанда 100 мың береді күніне. Астанадағы ауыз су бағасына келсек, бүгінде қалада бір текше метр судың құны – 48 теңге. Алматы, Қарағанды және басқа қалаларда бұл баға 100, 120, 150 теңге болады. Демек елордада басқа өңірлермен салыстырғанда су бағасы арзанды. Егер қаланың бүгінгідей өсу қарқынын ескере отырып, «Астана су арнасы» мекемесінің сумен қамту жүйесін тиісті деңгейде күтіп ұстауын, сапалы қызмет етуін қаласақ, тарифті аталған ведомстволар қызметкерлерінің орташа қалалық жалақысы деңгейіне көтеруге қажет. Қазіргі таңда мемлекеттік органдармен бірге осы мәселе шешілуде. Орташа есеппен су тарифі 15-20% көтеріледі.

25 жыл ішінде қаланың негізгі капиталына салынған инвестициялар көлемі 13,7 трлн теңге болды. 2023 жылдың қаңтар-мамыр айларында негізгі капиталға салынған

**Жеңіс ҚАСЫМБЕК**, Астана қаласының әкімі:

## ҮЗДІКСІЗ ӨСУ ҮСТІНДЕ

Елордамыз Астана 25 жылдық тарихында дамудың бірнеше сатысынан өтті. Бүгінде халықаралық аренада өзіндік келбеті бар, заманауи даму үрдісінен қалмай келе жатқан жас қаланың даму жолы халықтың көз алдында. Мемлекетіміздің стратегиялық дамуының маңызды бөлігі – Арқа төрінде жаңа астана салып қана қоймай, оны халықаралық ірі бизнес және ынтымақтастық орталығына айналдыру еді. Бүгінде бас қаламыз – Астана маңызды іскерлік хабқа айналды.



инвестициялар көлемі 427,6 млрд теңгені құрап, 20,9% артты. Инвестициялар көбіне жылжымайтын мүлікпен байланысты операциялар, өнеркәсіп, көлік және қойма ісі, денсаулық сақтау және халыққа әлеуметтік қызмет көрсету және т.б. бағыттарға тартылды. Жұмыс істеп тұрған шағын және орта бизнес мөлшері 25,2 өскені байқалды. Тауар айналымы 10,6%-ке артқан.

Елордада медициналық ұйымдардың саны 25 жылда 8,3 есе немесе 38-ден 314-ке дейін өсті. Сондай-ақ осы аралықта туберкулезден болатын өлім-жітім 100 мың адамға шаққанда 13,1 есе, қатерлі ісіктен болатын өлім-жітім 3 есе азайды. Ал 1000 тұрғынға шаққандағы жалпы өлім-жітім 2,5 есе төмендеді. Бұл да аталған саладағы қызмет сапасының жоғарылағанын көрсетеді. Мәселен, соңғы жылда емделген науқастардың саны 136 мыңнан, ал жүргізілген операциялар саны 60 мыңнан асады. Жедел медициналық жәрдем қызметкерлері жүргізетін табысты реанимация көрсеткіші соңғы 2 жылда 55%-дан 75%-ға дейін өсті. Медициналық мекемелер 95% материалдық-техникалық құралдармен жабдықталды.

Жыл сайын қалада ішкі көші-қон мен бала туу есебінен халық саны артып келеді. Қала өскен сайын онымен бірге елорданың білім беру инфрақұрылымы да жетіліп жатыр. Мәселен, егер мектепті орта есеппен 8-10 мың түлек бітірсе, жаңа оқу жылында 24-25 мың бала мектеп табалдырығын аттайды. Оқушы орындарымен қамту үшін мектептер салу бойынша

жүйелі жұмыс жүргіземіз. Жалпы білім беретін орта мектептерге келсек, алдағы 2 жылда 40 мектеп салу жоспарланып отыр. Қазіргі уақытта 14 мектептің құрылысы жүріп жатыр, 11 мектеп жаңа оқу жылы ішінде пайдалануға беріледі. Сонымен қатар Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша «Жайлы бөлігі» ұлттық жобасы аясында тағы 24 мектеп салынады. Қазір 67 730 баланы қамтитын 507 мектепке дейінгі ұйым жұмыс істейді.

Елорданы газдандыру бойынша газ тарату желілерінің құрылысы үш кезекке бөлінген. 2021 жылы 1-кезекті, сондай-ақ ішінара газдандырудың 2-кезегінің құрылысы аяқталды. Жұмыстың 2,3-кезегінің қалған бөлігі бойынша республикалық және жергілікті бюджет қаражаты есебінен 2022-2025 жылдарға жоспарланған. Қазіргі таңда газға 12 мыңнан астам абонент қосылған. Халық газды қиналмай қосып алу үшін оған қосылу құжаттарының тізімі медициналық жәрдем қызметкерлері жүргізетін табысты реанимация көрсеткіші соңғы 2 жылда 55%-дан 75%-ға дейін өсті. Медициналық мекемелер 95% материалдық-техникалық құралдармен жабдықталды.

Жыл сайын қалада ішкі көші-қон мен бала туу есебінен халық саны артып келеді. Қала өскен сайын онымен бірге елорданың білім беру инфрақұрылымы да жетіліп жатыр. Мәселен, егер мектепті орта есеппен 8-10 мың түлек бітірсе, жаңа оқу жылында 24-25 мың бала мектеп табалдырығын аттайды. Оқушы орындарымен қамту үшін мектептер салу бойынша

онлайн режимде тұрғындармен кездесу өткіземін. Сол кезде көтерілген мәселелердің 70-80 пайызы – баспана мәселесі. Көбі – кезекте тұратын азаматтар. Бүгінде қалада тұрғын үй кезегінде 50 мыңнан астам отбасы тұр. Оның ішінде көпбалалы, мүгедек бала тәрбиелеп отырған отбасыларды қосқанда барлығы 12 санатқа жататын азаматтар бар. Осы орайда биыл 6 мыңға жуық әлеуметтік жеңілдікпен берілетін пәтер және 16 үлескерлік құрылыс нысанын салу жұмыстарын аяқтау жоспарланып отыр. Алты мың үйдің жартысы – осы кезекте тұрғандарға, жартысы несиеге ипотекаға берілетін үйлер. Құрылыс жұмыстарының көлемі 2,2%-ке ұлғайған. 1215 шаршы метр тұрғын үй пайдалануға беріліп, бұлтұрғы жылдың осы кезеңінен салыстырғанда 35,4%-ға көбейген.


Қалада қоғамдық көліктер мәселесі, оны субсидиялау да өте өзекті. Бүгінде қалада күн сайын рейске 907-950 автобус шығады. Қала халқының жылына жылдам өсіп келе жатқанын ескерсек, дәл қазіргі таңда тәулігіне шамамен 1500 автобус шығуы керек. Сондықтан біз биыл Қазақстанда өндірілетін автобустарға лизинг алуға шешім қабылдадық. Қоғамдық көліктер санын ұлғайту үшін осы айда 30 жаңа автобус алдық, соның ішінде 20-сы – электроавтобустар. Оған дейін 50 автобус болатын. Жалпы жылдың соңына дейін №1 коммуналдық парк үшін 300 автобус, 4 жекеменшік автопарк үшін 100 автобус алынады. Бұл жаңа бағыттарды іске қосуға, күту уақытын қысқартуға, ескі

автобустарды алмастыруға мүмкіндік береді. Астанада автобуста жүру құны 2012 жылдан бері өзгермеді. Қоғамдық көлікте жүру құны басқа өңірлермен бірдей, шамамен 80-100 теңгенің көлемінде. Ал соңғы 10 жылда жанармай бағасы өсті, көліктердің өзін алу қымбаттады, сала қызметкерлерінің жалақысы да көтерілді, ал автобустың міну құны бұрынғыдай қалдырылды. Мемлекеттік органдар, соның ішінде жергілікті атқарушы билік бұл саланы субсидияламаса, билет бағасы қазіргі жанармай бағасының көтерілуін ескергенде 250-300 теңгеден асып кетер еді. Сондықтан мемлекет халықтың қоғамдық көлікте барынша әлеуметтік бағамен қатынауы үшін салаға субсидия бөліп отыр.

Талдықөлдін тағдырына келсек, бұл мәселе шешімін тапты. Үлкен Талдықөлдін суын 5 есе ұлғайтамыз, бұған 1,5-2 жылдай уақыт керек, ал Кіші Талдықөл айналасына құрылыс салу тоқтатылды. 2015 жылдан бері су тазарту жұмыстары жүргізіледі, қаланың кәріз тазарту жүйесінен тазартылған күйде ол Есілге ағызылатын. Қазір Табиғи ресурстар және экология министрлігінің келісімі бойынша бұл су Үлкен Талдықөлге құйылады. Бұл жұмысқа кіріскенімізге екі аптадай болды.

Елордада жастар саясатына ерекше көңіл бөлінеді. Бүгінде қалада 14-34 жас аралығындағы 440 мың жас бар. Оның ішінде 278 мыңы – 14-28 жас аралығындағылар, 297,6 мыңы – еңбекке қабілетті азаматтар. Жастарды қолдау мақсатына 2021-2023 жылдарға арналған «Елорда жастары» жастарды қолдау бағдарламасы бекітіліп, іске асырылуда. Ол негізгі 6 бағытқа бөлініп, 33 көрсеткіш және 60 іс-шараны іске асыру көзделген. Жастар арасындағы жұмыссыздық деңгейі – 4%. Жұмыспен қамту шаралары бойынша 5944 жасты жұмысқа орналастыру жоспарланып отыр. Биыл 16,5 мың жас жұмыспен қамтылады. Осы бағытта «Жаңа ел» жобасы іске асырылып, оның аясында 3000 жас еңбек етіп жатыр. НЕЕТ санатындағы жастармен де жұмыс жүргізілуде. Аталған санаттағы жастар үлесі 6,2% немесе 26 045 адам болды. Сонымен қатар қазіргі таңда елордада «Жұмыс істейтін жастар үшін сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй» бағдарламасы жүргізіледі. Соның шеңберінде жастарға тұрғын үй жұмыс істейтін жалға алу шартының негізінде беріледі. Тұрып жатқан кезінде жастардың өз пәтеріне бастапқы жарнаны жинауға мүмкіндіктері бар. Бағдарлама аясында 2021 жылдан бері 2 450 пәтер берілді, бағдарлама биыл да жалғасын табады.

Биыл Астана күніне орай мәдениет басқармасына қарасты 12 мекеменің ұйымдастыруымен 100-ден аса іс-шара өткізу жоспарланып отыр. Оның 90 пайызы бюджеттен емес, өзіміздің мекемелердің күшімен өтеді. Қала бюджетінен бұған 300 млн теңге бөлінеді деп жоспарлап отырмыз. Ол жыл сайын өткізілетін шараларға көзделген, биыл да солай бөлінеді.



**Айман МҰСАҚОЖАЕВА**, Қазақстанның Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері, Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры, профессор:

## ТАЛАНТТАР ҰСТАХАНАСЫ

– Астанада ең алғаш ашылған білім ордаларының бірі – Қазақ ұлттық музыка академиясы. Елордамен бірге өсіп, қанаттанған оқу ордасы 25 жылдан бері өнер саласындағы ұлттық мәртебеге ие төрт жоғары оқу орнының бірегейі саналады. Еліміздегі өнер саласын дамытып, жоғары кәсіби деңгейдегі музыканттар даярлау мақсатында 1998 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Астанада Қазақ ұлттық музыка академиясы құрылған болатын. 1998 жылдың маусымында Астананың ресми тұсаукесері өтсе, сол жылы Қазақ ұлттық музыка академиясы да салтанатпен ресми ашылды. 2009 жылы жаңа мәртебеге ие болып, Қазақ ұлттық өнер университеті атанды.

Қазақ ұлттық өнер университеті Астана қаласы елордамиздың мәдени орталығы ретінде мәртебесінің қалыптасуына үлкен үлес қосуда. Университеттің шәкірттері әлемге танымал музыканттар – Димаш Құдайбергел, Рухия Байдуkenова, Ержан Максим, Рахат Би Әбдісағи, Арман Жайым, Азамат Жылтырғозов, Евгений Чайников, Азат Мәлік, Айзада Капонова, Сүндет Байғожин, Олжас Құрманбек, Эльдар Сапаров, Владимир Дё, Салтанат Ахметова және басқалар. Түлектеріміз барлық елордалық театрлар мен қаланың мәдениет мекемелерінде жұмыс атқарады. Жыл сайын университет концерттер, көрмелер және басқа да іс-шаралар өткізеді.

Астананың тұрғыны ретінде бәріміз де қаламызды жақсы көреміз, өйткені біздің бүкіл арманымыз елорданың болашағымен байланысты. Астанам – ару қалам, асқақ ордан! Мәдениеті, өнері өркендеген Астанада бәрі бар: оқу ғимараттары, концерт, көрме залдары, театр сахналары, спорт алаңдары және тағысын тағылар. Арайлы Астанамыздың одан әрі дамып, өркендеуін тілей отырып, Қазақ ұлттық өнер университетінің жаңа кампусы салынса деп армандаймын.

## ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Сіздерді Астананың 25 жылдық мерейтойымен шын жүректен құттықтаймын! Сәулеті мен сәні айшықталып, айыны асқақтаған елорда бүгінгі күні еліміздің бойтұмарына айналды. Тұрақты дамудың, өсу мен өркендеудің даңғыл жолына түсті.

25 жыл ішінде еліміздің бас қаласы – Астана төрткүл дүниені түгел тамсандырған тарихи құбылысқа айналғаны ақиқат. Арқа төсіндегі сәні мен салтанаты жарасқан елорда – бүгін де озық идеяларды, жаңа ғылыми шешімдер мен сәулет өнерінің озық үлгілерін өмірге әкелетін орталық.

Астана – Сарыарқа төсіндегі XXI ғасыр ғажайыбы. Бас қаламыздың қалыптасуы және Еуразияның маңызды даму орталықтарының қатарына қосылуы – баршамыздың ортақ мақтанышымыз.

Соңғы ширек ғасырда қала деңгейінде қыруар жұмыс атқарылды. Мұны ел-жұрт көріп-біліп отыр. Алда әлі атқарылатын шаруа да аз емес.

Еліміз үшін маңызды белес - аяулы Астанамыздың 25 жылдығымен құттықтай отырып, отбасыларыңызға бақыт пен ырыс-береке тілеймін. Отанымыздың жүрегі – Астана мәңгі жасай берсін! Тәуелсіздігіміздің тұңғыры биік болсын!

**Ерлан КАНАЛИМОВ**,  
Астана қаласы мәслихатының төрағасы





**Мұхтар ТӨЛЕУТАЕВ,**  
дәрігер, Астана қаласы  
көпсалалы медицина  
орталығының директоры,  
Қазақстанның Еңбек Ері:

## КӨЗ АЛДЫМЫЗДА КӨРКЕЙДІ

– Астанаға мен 2009 жылы келдім. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты емдеу-диагностика департаменті, одан кейін стратегия және даму департаменті директорының орынбасары болып жұмыс істедім. 2010 жылы елорданың онкология орталығының бас дәрігері болып ауыстым. Аурухана жаңа болса да, құрал-жабдықтар жетіспеді. Дәрі-дәрмек тапшы еді. Содан 2012-2016 жылдарға арналған онкология саласын дамыту бағдарламасы қабылданды. Сол жылдары еліміздегі онкология саласында өлім көрсеткіші көп болып, диагностикалауда қиындықтар болды. Ол кезде онкология ауруларына диагноз кеш қойылатын. Арнайы бағдарламаға қаржы бөлініп, соның нәтижесінде бұл саланың бюджеті бір жылдың ішінде 3 есе артты. Ол қаражат дәрі-дәрмекке, құрал-жабдықтарды жаңартуға жұмсалды. Күрделі диагностика жүргізетін аппараттар, сәулелі терапия алуға мүмкіндік туды. Елімізде жоғары мамандандырылған 4 сәулелен емдейтін орталық ашылды. Зертханалардың аппараттары түгенделіп, дәрі-дәрмектің түрі көбейді. Емдеу хаттамалары қайта қарастырылды. Қосымша скринингтер қосылды. Соның бәрі қатерлі ісік диагнозын уақытылы қоюға мүмкіндік берді. Бірнеше бағдарлама аясында мамандардың білімін жетілдіру мүмкіндігі көбейді, шетелге барып біліктілік арттыру, шетелдің белді мамандарын елге шақыртып, персоналды оқыту, шеберлік сабағын өткізу, сырттан келген хирург дәрігерлермен бірігіп ота жасау, тәжірибе алмасу, жаңа тәсілдерді үйрену – осының бәрін бұрынғыдай Мәскеу рұқсатын күтпей, өз елімізде шеше алатын болдық. Сәулелі ем аппараттары, диагностика құралдары, дәрілер көбейді. Халықты медицинаның барлық соңғы мүмкіндіктері арқылы емдеу, диагностикалау мүмкіндігі зор, оған мемлекет тарапынан жақсы қолдау көрсетіледі. 2019 жылы саланы реформалауға байланысты бір бағыттағы ауруханалар көпсалалы мәртебеге ауысып, жұқпалы аурулар ауруханасын бізге қосты. Осылайша елорда бүгінде медицина кластеріне айналды. Түйіндеп айтқанда, елордамыз көз алдымызда көркейді. Барша қазақстандықты астанамыздың ширек ғасыр мерейтойымен құттықтаймын!



### ЕЛДІКТІҢ БАСТЫ БЕЛГІСІ

«Бәйтерек» монументі – Астананың жарқыраған бейнесін білдіретін басты белгісі. Заңғар көкке ұмтылған ақшаңқан «Бәйтерек» ұзын темірі бар құрылымдардан құрастырылып, ұшар басында алтын шарды алақанына ұялатқандай. Құрылым биіктігі 105 метрді құрайды. Панорамалық зал ортасында 17 жапырақтан тұратын, 17 әртүрлі әлем діндері өкілдерінің қолы қойылған ағаш глобус орналасқан.

Ескерткіш 1997 жылы елорданың Алматыдан Ақмолаға көшуінің символы ретінде тұрғызылған. 97 метр биіктікте орналасқан «Бәйтеректің» қазақ халқының өміріндегі жаңа кезеңнің нысаны ретіндегі маңызы Елбасының оң қолының ізі – «Аялы алақан» көркем композициясы арқылы көркемделеді.

### БІРЕГЕЙ КЕШЕН

Тәуелсіздік алаңының қақ ортасында бой түзеген «Қазақ елі» монументі Астана қаласының көрнекті орындары қатарын толықтырғалы ұзақ уақыт өткен жоқ. Бұл – әр қырына Қазақстан Республикасының қалыптасу тарихындағы елеулі оқиғалар бедерленген, ақ мәрмәрдан соғылған, төртбұрышты іргетасқа орнатылған ақ мұнара.

Тәуелсіздіктің символы болған «Қазақ елі» монументі 2009 жылы ашылды. Биіктігі – 91 метр. Бұл еліміздің тәуелсіздік алған жылын білдіреді. Оның ұшар басына самұрық құсы қонып тұр, алтын түстес бояумен әрленген алып құс – самұрық Қазақстанның тыныштығын «күзетеді» дегенді білдіреді. «Қазақ елі» – халқымыздың көне тарихын, мәдениеті мен жетістігін әспеттейтін ауқымды кешен.

Жалпы аумағы 5,2 гектар жерді алып жатқан бұл ескерткіштің ел тарихынан алар орны ерекше. Ол тәуелсіз Қазақстанның дамуға, гүлденуге ұмтылған ынта-жігерін бейнелейді. Сондықтан алып сәулетті мүсін кешенінің «Қазақ елі» атануы да тегін емес.

### «ХАН ШАТЫРДА» БӘРІ БАР

Әлемдегі ең биік шатыр ретінде Гиннесс рекордтар кітабына енген, алып мөлдір шыныдан жасалған «Хан Шатыр» сауда, ойын-сауық орталығы қала күніне орай 2010 жылы 6 шілдеде ашылды. Британдық Poster&Partners фирмасы жобалаған нысанның металл қаңқасы 2300 тоннаны, биіктігі 150 метрді құрайды. Ал жалпы ауданы – 127 мың шаршы метр. Бас мердігер – Түркияның Sembol Construction құрылыс серіктестігі.

Сәулетші Норман Фостердің қиялынан шыққан сәулет туындысы – бір шатырдың астында әлем деңгейіндегі сауда-ойын-сауықты біріктірген



# ЕЛОР ДАНЫҢ ЕҢ КӨРКЕМЕТТІ

елордадағы алғашқы орталық. Нысан полимерлі жабынмен бекітілген болат темір арқаннан құрастырылған. Арнайы химиялық құрам шатырдың кеңістігін температураның ауытқуынан қорғап, іштегі микроклиматты сақтап тұрады. Осы және өзге де технологиялар арқасында «Хан Шатыр» әлемдегі он эко-ғимараттың қатарына енді.

Бірегей орталық күмбезінің астында Мальдив аралдарынан арнайы әкелінген жұмсақ құм төселген, тропикалық өсімдіктері бар жабық жағажай орналасқан. Хауыздардың біріндегі жасанды толқын нағыз теңіз жағалауында демалып жатқандай сезімге бөлейді. Бұл жерде жылдың кез келген мезгілінде елордалықтар мен қала қонақтары демалады.

Бұл құрылыс ғимараты орналасқан алаңда Астанада баламасы жоқ 38 метр биіктігі бар мұнара орналасқан. Сонымен бірге мұнда саяхат жасайтын монорельсті темір жол, 4 және 7 метр биіктіктегі кедергілері бар суда жүзу орталығы шоғырланған.

### ТУРИСТЕРДІ ТАРТАТЫН «НҰР ӘЛЕМ»

2017 жылы ару қалада Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың бастамасымен «ЭКСПО» халықаралық мамандандырылған көрмесі өтті. Дүниежүзілік деңгейде ұйымдастырылған айтулы іс-шараға 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысып, оны 4 млн адам тамашалады.

Көрме кешенінің жалпы алаңы 174 гектарды қамтыды. Оның ішінде 25 гектар тікелей көрме аймағына бөлінген, оған Қазақстанның ұлттық павильоны, халықаралық, тақырыптық және корпоративтік павильоны кірді. Алаңда 350 мың шаршы метр болатын 15 нысан орналасқан.

«Нұр әлем» – бүгінде адамдар ең көп баратын туристік нысанның бірі. Ол – диаметрі 80 метр, биіктігі 100 метр болатын шар пішіндес ғимарат. Мұражайдың металл конструкциясының салмағы – 13 мың тонна. Бұл әйгілі Эйфель мұнарасынан екі есе көп. Ғимараттың ауданы бес футбол алаңына тең. Әр әйнектің өзіндік құрылымы бар және салмағы 800 келіге дейін тартады.



## ҚҰРМЕТТІ ЕЛОРДА ТҰРҒЫНДАРЫ МЕН ҚАЛА ҚОНАҚТАРЫ!

Астана қаласы – тәуелсіз Жаңа Қазақстанның қарқынды өсуі мен гүлденуінің символы. Қазіргі таңда елордамыз дамыған елдік орталықтармен лайықты бәсекеге түсе алады. Әрбір қазақстандық астанамыздың тарихымен, дәстүрлерімен, заманауи жетістігімен мақтанады. Елорданың халықаралық абыройын қалыптастыру мен арттыруда барша қазақстандық пен елорда тұрғындарының еңбегі ерекше.

Жаңа Қазақстанның бүгінгі мерекесі әрбір елордалықтың жүрегіне қуаныш ұялатып, ертеңге деген сенімін еселей түседі. Ендеше осы атаулы күні баршаңызға зор денсаулық, отбасыңызға амандық және игі істеріңізге береке тілеймін! Еліміз аман, жұртымыз тыныш болсын!

**Зұлпынар ҒАЙЫПОВ,**  
Астана қаласы Қоғамдық кеңесінің төрағасы



**ТАҢҒАЖАЙЫП БАҚ**

Ашылғанына бес жыл болған Ботаникалық бақтың жалпы аумағы – 89,2 гектар, оның 42,9 гектары Астана қаласы әкімдігіне қарасты парктің аумағына жатады. Ал 46,3 гектар жер Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне қарайды. Яғни бақтың айналасы қаланың коммуналдық меншігінде.

Мұнда Еуропадан, Азиядан және Солтүстік Америкадан 90 мыңға жуық ағаш пен бұта отырғызылған.

2018 жылы астананың 20 жылдығы қарсаңында құрылған бакта фикус, лимон, драцена, апельсин, папоротник, пальма және т. б. тропикалық мемлекеттерден әкелінген 1100 өсімдік отырғызылған. Екінші климатронда 960 суккулент отырғызылған. Олардың арасында әлемде сирек кездесетін коллекциялық кактустар мен гибридтер бар. Ботаникалық бақтың жылыжай кешенінде пальма ағаштарының 8 түрі өседі.

**ҰЛТТЫҚ ҚҰНДЫЛЫҚТАР ЖИНАҚТАЛҒАН**

ҚР Ұлттық музейі «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру шеңберінде елордада 2014 жылы 2 шілдеде ашылды. Ұлттық музейдің баға жетпес қорында көптеген құнды жәдігер бар.

Орталық Азиядағы ең жас әрі ірі музейдің алғашқы директоры болып Дархан Мыңбай тағайындалды. Музей еліміздің бас алаңы – Тәуелсіздік даңғылында орналасқан.

Ғимарат ерекше пішінімен алыстан көз тартады. Аса ірі, бірегей музей кешені 74000 м<sup>2</sup> жерді алып жатыр және 9-қабатқа дейін ауыспалы қабатты болып келетін жеті блоктан тұрады. Жалпы көлемі 14000 м<sup>2</sup> асатын экспозиция алаңы 14 залды алып жатыр.

**МҰХИТ ЖОҚ, ОКЕАНАРИУМ БАР**

Астанадағы океанариум – мұхиттан 3000 километрден астам қашықтықта орналасқан, Гиннесс рекордтар кітабына енген әлемдегі жалғыз мұхитарал әрі ТМД-дағы тұңғыш салынған нысанның бірі. Ондағы су қоры – 3 миллион литр. Оны әзірлеу үшін 120 тонна теңіз тұзы қажет болған екен.

Нысан, негізінен, 3 көрме аймағынан тұрады. Бас аквариумның түбіне ұзындығы 71 метрлік жылжымалы жол тоннелі салынған. Суасты тоннелі арқылы теңіз түбімен жыртқыш акулалардан қол созым қашықтықта серуендеп жүре аласыз. Сондай-ақ Оңтүстік Америка мен Оңтүстік-Шығыс Азияның тұщы су қоймаларының балықтары топтастырылған.



Аквариум суы Қызыл теңіз тұзын қолдана отырып дайындалған. Әлемнің әр түкпірінен теңіз жануарларының 100-ден аса түрінің 2000-нан аса данасы әкелінген. Мұнда арнайы жасалған 11 шақырымдық құбыр, 34 сорғы, 6 құм сүзгісі, судың химиялық құрамы мен мөлдірлігін қамтамасыз етіп тұратын су тазартқыш бар.

Ең үлкен мекендеушілер – акулаларды, алып теңіз алабуғасы және басқа да үйірлі балықтарды көріп, тамашалауға болады. Сондай-ақ таңғажайып теңіз жануарлары мен балықтарының жекелеген түрлерін кездестіресіз.

**КӨГЛДІР КҮМБЕЗДІ МЕШІТ**

Орталық мешіт әлемдегі үлкендікішілі 4 миллионға жақындаған мешіттердің қатарына қосылып, жамағатқа есігін айқара ашты. Аумағы 10 гектар алқапты алып жатыр. Ғимараттың жалпы көлемі – 68062 шаршы метр. Үлкен күмбездің биіктігі – 83,2 метр, диаметрі – 62 метр. 4 мұнараның әрқайсысының биіктігі – 130 метр. Сол қанатындағы мұнара «Туристік мұнара» деп аталады. Келген қонақтар лифт арқылы немесе жаяу көтеріліп, елорданы құс ұшар биіктен тамашалай алады. Ішіне 35 мың адам сыятын нысанның жалпы сыйымдылығы ішкі-сыртқы бөлігін қамтығанда 235000 адамды құрайды.

**ЖАСЫЛ ЖЕЛЕК ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ**

Елорда айналасын қоршай бой көтерген «жасыл белдеу» қаланың таза ауамен тыныстауына мүмкіндік беретін «өкпесіне» айналды. Ол – 1997 жылдан бастап астананың іші мен оның маңайындағы аймақтарды абаттандыруды жүзеге асырып келе жатқан жоба. Қазіргі уақытта елорда шекарасындағы белдеу аумағы 14700 гектарды құрайды. Бұл орманды алқапта 10 миллионнан астам ағаш пен 2 миллионға жуық бұта бар.

Бас қала төңірегіндегі орманды өрттен қорғау да айрықша маңызды. Бүгінде «жасыл белдеудің» әрбір учаскесінде «Жасыл аймақ» РМҚ мемлекеттік орман күзеті жұмыс істейді. Орманда 360 градусық екі өрт бақылау мұнарасы бар. Дала және орман өртінің ықтимал тұтануы толық бақыланады. Тәулік бойы кезекшілік жүргізіледі. Орман шаруашылығы аумағында бірінші типтегі өрт сөндіру стансасы бар. Сосын да шығар, 20 жылға жуық уақыттан бері бұл жасанды орман алқабында көлемді өрт туған жоқ.

«Жасыл белдеуде» жан-жануарға айрықша көңіл бөлінеді. Астана күні қарсаңында орманды алқапқа қырауылдарды жіберу дәстүрге айналған. Қырауыл өсіру зиянқес жәндіктермен күресуге және санитарлық қорғау аймағын табиғи орман жағдайына жақындатуға көмектеседі.

**ӨНЕР ОРДАСЫ**

2020 жылы Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолдауымен елорданың асқақ сәулетіне сән берер жаңа театр ғимараты бой көтерді. Жоба авторлары – Бюджет және Африка Паколли.

Театрда 645 адамға арналған үлкен зал, 200 адамға арналған көрермендердің шағын залы және дайындық, камералық, хореографиялық залдары бар. Сонымен қатар асхана, VIP-залдар, мейрамхана, кітапхана орналасқан. Ғимарат өзінің көлемімен ғана емес, архитектуралық ғажап көркімен тамсандырады.

Театр мұражайының ашылуы тәуелсіздіктің және өнер ошағының 30 жылдығымен тұспа-тұс келіп, оған алғашқы директор Торғауыт Шахзадин және Халық әртісі, Қазақстанның Еңбек Ері Асанәлі Әшімов қатысты.

**ШАҒАР ШЕЖІРЕСІ**

**2016**

**23 ақпан** – Астанада құрылған қалалық Қоғамдық кеңестің алғашқы отырысы өтті.

**6 шілде** – елордада Астана-Триатлон паркi ашылды.

**30 шілде** – Астанада автобустарда жолақы төлеудің Astra Plat электронды жүйесі іске қосылды.

**31 қазан** – «ӘКСПО-2017» көрмесіне қатысушы алғашқы бес ел – Венгрия, Германия, Қытай, Түркия және Францияға павильондардың құжаты мен пәтерлердің сертификаты тапсырылды.

**2017**

**2 мамыр** – «ӘКСПО-2017» көрмесіне орай елордада 100 жаңа такси көлігі пайдалануға берілді.

**10 маусым** – «Астана – «ӘКСПО-2017» халықаралық көрмесі ашылды. Көрме жұмысына 115 мемлекет пен 22 халықаралық ұйым қатысты.

**31 мамыр** – елордада «Нұрлы жол» жаңа вокзалы мен Астана халықаралық әуежайының жаңа терминалы ашылды.

**6 желтоқсан** – Мемлекет басшысы бизнесі жүргізудің жеңілдігі бойынша өңірлерді бағалаудың жаңа рейтингінде алға шыққан Астанаға «Алтын сапа» сыйлығын тапсырды.

**2018**

**7 ақпан** – Астана қаласы әкімдігі мен Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің «Астана – адалдық алаңы» бірлескен жобасы іске қосылды.

**25 шілде** – «Астана» халықаралық қаржы орталығы ресми түрде ашылды.

**19 қараша** – Астана ТМД кеңістігіндегі іскерлік және оқиғалық туризмнің ең үздік қаласы атанып, «Business Traveller Russia&CIS Awards» сыйлығын иеленді.

**2019**

**19 наурыз** – Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев өз өкілетін тоқтату жөнінде үндеуін жариялады. Конституциялық заңға байланысты Президент міндеті Сенат төрағасы Қасым-Жомарт Тоқаевқа өтті.

**23 наурыз** – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласының атауын Нұр-Сұлтан қаласы деп атау туралы Жарлыққа қол қойды.

**15 желтоқсан** – елордада Жазушылар үйі ашылды.

**2020**

**Бұл жыл** Волонтерлер жылы болып жарияланды.

**20 наурыз** – Қазақстан Республикасында пандемия жағдайына байланысты төтенше жағдай жарияланды.

**10 тамыз** – Үкімет қаулысымен Абай күні болып белгіленді.

**26 қыркүйек** – Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Алтай Көлгіновтің бастамасымен бас қалада IT-кеңес құрылды.

**2 желтоқсан** – Мемлекет басшысы қазақстандықтардың зейнетақы жинағының бір бөлігін емделуге немесе тұрғын үй жағдайын жақсарту үшін пайдалануға мүмкіндік беретін заңға қол қойды.

**2021**

**10 қаңтар** – Парламент Мәжілісі мен жергілікті мәслихаттар сайлауы өтті.

**18 қаңтар** – Президент Жарлығымен ҚР Үкіметінің жаңа құрамы бекітілді.

**7 мамыр** – елордада екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, Ақмола өңірінің тумасы Талғат Бигелдиновтың ескерткіші ашылды.

**2022**

**16 наурыз** – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына «Жаңа Қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауын жариялады.

**5 маусым** – Қазақстанда Конституцияға түзетулер бойынша жалпы республикалық референдум өтті.

**25 маусым** – «Вечерняя Астана» қоғамдық-саяси газетінің шығармашылық ұжымына Мемлекет басшысының алғыс хаты тапсырылды.

**9 тамыз** – елордада Ұлы дала даңғылының бойынан жаңа көпір ашылды.

**17 қыркүйек** – Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорданың атауын Нұр-Сұлтаннан Астана қаласы деп өзгерту туралы Жарлыққа қол қойды. Сөйтіп, көптің ұсынысы ескеріліп, елдің саяси орталығына «Астана» атауы қайта оралды.

**БҰЛ СТРАТЕГИЯЛЫҚ ҚАДАМ БОЛДЫ**

– Қазақстан тәуелсіздік алып, нарық қатынасына көшкеннен кейінгі қиыншылықтан ел еңсесін енді тіктеп, алға ұмтылып жатқан шақ. Шындығында, сол бір жылдар түйіні тарқатылмаған күрделі кезең еді. Елбасы астананы Ақмолаға бекер көшірген жоқ. Оның түрлі себебі бар. Ақмола – тоғыз жолдың торабында, еліміздің географиялық орталығында орналасқан шаһар. Әрине, оған геосаяси, демографиялық және этномәдени жағдайдың

да әсері тиді деп ойлаймын. Сондай қым-қуыт шақта, түрлі қиындық пен кедергіге қарамастан, ұтымды шешімдерді тауып, астананы ауыстыру өте батыл бастама еді. Түптеп айтқанда, бұл стратегиялық шешім болды. Құлагерді таньған Күреңбай сыншыдай, келешекті көре білген көрегендікпен жүзеге асқан игілікті іс. Басқасын былай қойғанда, мемлекетімізде сауырына қамшы салдырмайтын тұлпар уақытпен санасқан

заманауи көркем қала салынды. Ол елдің саяси, мәдени, рухани орталығы ғана емес, ел экономикасын алға сүйреген локомотивке айналды. Есіліп аққан Есілдің жағасында бой көтерген елорданың аз мерзім арасында қыран құстай түлеп, әлем таныған әсем шаһарға айналғанын көзбен көріп, көңіліміз сүйсініп отырады. Арқа төсінде айдай сұлу болып бойжеткен астана болашақта одан әрі құлашын кең жазып дамиды. Бұған кәміл сенемін!



**Жәнібек КӘРІБЖАНОВ,** мемлекет және қоғам қайраткері:



# Ана болған Алаштың баласына

Астана қаласы әкімдігінің қолдауымен елорданың 25 жылдық мерейтойына арналған «Жасай бер, жайнай бер, Астана!» республикалық мүшәйра жеңімпаздары анықталды. Ақындар аламына еліміздің әр аймағынан белгілі жыр жүйріктері бастап, жас талапкерлер қостан 100-ден аса ақын қатысты.

Мүшәйраға түскен шығармалардың ішінде көлемді дастандар да болды. Конкурс шартында поэма болмағандықтан, бұл шығармалар қазылар алқасының талқысына ұсынылмады. Белгілі қаламгерлерден құралған қазылар алқасы шығармаларды сұрыптай келе 12 ақынға бәйге берді.

Қазақстан Жазушылар одағының хатшысы, осы ұйымның Астана қаласы филиалының директоры, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Дәулеткерей Кәпұлы төрағалық еткен қазылар алқасының құрамында Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Несіпбек Айтұлы, белгілі ақын Сұраған Рахметұлы, филология ғылымдарының докторы Бауыржан Жақып, журналист-публицист, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Жанболат Аупбаев, ақын, әдебиет зерттеушісі-сыншы Ақеділ Тойшаң болды. Мүшәйра жүлдегерлерінің өлеңдерін назарларыңызға ұсынамыз!

## ҒАЛЫМ ЖАЙЛЫБАЙ бас жүлде

### АСТАНАНЫҢ АСПАНЫ

Астананың аспаны...  
Айдай ашық,  
Көк пен жердің арасы аймаласып...  
Сарыарқаның сағмы сайда адасып –  
Көкжиектер барады қайда қашып?

Астананың аспаны...  
Күндей жарық,  
Ақ сәулесі көшеді бірге айналып.  
Ілгеріге іркілмей керуен тартқан –  
Түндері де кірпігін ілмейді анық.

Төбел бие сойдырып,  
төске көшіп,  
тербетейін деп едім кешке бесік.  
Қараөткелден қара өлең өргізейін –  
Есіл де, есіл Есілден ескек есіп.

Бұл жалғаннан іздейді ақын бақыт,  
Жанындағы жалынын лапылдатып.  
Бақтарының басына құс қондырам –  
Ақпанының аязын сақылдатып.

Астананың аспаны...  
ашық таңдай,  
Өмірінің өзенін тасытқандай.  
тамырында тағдыры – тал-терегі –  
қолтықтасып барады ғашықтардай.

Құстарының кернеген жыр көмейін,  
Әуеніне құлақ сап үлгерейін.  
Құртқа-күнді көгінде күлімдегіп –  
Бұлттарыңды ысырып бір көрейін.

Берекесі байтақтың белағаштан,  
Көкейімде көнермес-көне дастан.  
...Бас қаланың басына бақ байладым  
Астананың аспаны – бөлек аспан!...

## II

Апайтөсті Арқада арыстан бел, Астана,  
Тағдырлары талайдың табысқан жер,  
Астана.

Хас сұлудың өрілген қос бұрымы секілді –  
Есіл-Нұра егізім қауышқан жер, Астана.

Керуен тартқан күндерде шайқалмаған  
қаймағы,  
Бұл Астана – наркескен намысымның  
қайрағы.  
Бәйтеректің басынан желбірейді  
қайтадан –  
Абылайдың қолынан сусып кеткен  
байрағы.

Көзайым боп көз тіккен жарты ғалам –  
Астана,  
Ақбозындай Алаштың арқыраған –  
Астана.  
Талайлардың ырысы асып-тасып Арнадан  
Қабанбайдың қылышы жарқыраған,  
Астана!

Ай нұрына қарасам айғақ кешкен,  
Астана,  
Бес қаруын бойына сайлап көшкен,  
Астана.  
Боталаған көзінің жасын сүртіп  
желменен –  
Сәкен ағам тар жолда тайғақ кешкен,  
Астана.

Жұмабектей арысым Хақты ойлаған,  
Астана,  
Қазыналы Қанышым бақ байлаған,  
Астана.

Есіл де есіл күндерде тоғайына Есілдің –  
Ақан сері бабам кеп ат байлаған, Астана.  
Ерке Есілдің жанары мөлдіреген, Астана,  
Елдігімің көк Туы желбіреген, Астана.  
Тілегіне жұртымның тірек болып  
жаралып –  
Жүрегіме жатталған сол бір өлең, Астана!

## III

Ағараңдап Анамның орамалы,  
Ақ бұлттарға айналар одан әрі...  
...Есіл-Нұра бойында еңку шалып  
Жылқы айдадым түсімде көкалалы.

Толқындары тұнықта тұнған Ардай,  
Сыңғыр қағып қояды сырғалардай.  
...«Қараөткелдің бауыры қалың шұбар» –  
Иманжүсіп жарықтық жырлағандай.

Керуенді күндердің дастанындай,  
Қасиетті сәтгер-ай, қас-қағымдай.  
Күн қаласы күлімдеп оянады –  
Түн баласы жарқырап аспанында Ай.

Сағыныштың саздары – самалында,  
Қара орманның киесі – қабағында.  
Ен жайлаған Есілді елді көрдім –  
Жалт-жұлт еткен жасыны жанарында.

Астана бұл!  
Жаратқан Хақ-Тағалам,  
Байтағына басынан бақ қараған.  
...Көз қадайды ақ бұлттың арасынан –  
Ақ орамал тағып ап еппақ Анам.

Көңілімнің көктемгі құсы ма едің,  
Беу, Астана! жаныңды түсінемін.  
Ана болдың Алаштың баласына –  
Араласып кеткелі түсім, өңім...

## АРМАН ШЕРИЗАТ I орын

### АЗАТТЫҚ МҰНАРАСЫ

Аспаны Астананың ашық қандай,  
Шабатты кеудемдегі тасытқандай.  
Еліме еміреніп қарап турмын,  
Желіне Сарыарқаның тосып маңдай.

Ақпанның бұзып-жарып ақ түнегін,  
Аз жылда санатқа еніп, сап түзедің.

Құт болған қазағыма арман Есіл,  
Жанымның жағаңа кеп таптым емін.

Сайын бел құлпытрасақ сар даланы,  
Аңсаған азаттықтың бар ма мәні?  
Аумағы ат шатпырым елордама,  
Әлемнің сыйып кеткен бар ғажабы.

Тұлпардай көсілмесек кең тыныстап,  
Көгінде қыран қалай еркін ұшпақ.  
Барасың елді бастап болашаққа,  
Семсердей бабалардың сертің ұстап.

Төріңе келіп алғаш басқан қадам,  
Көзінен қариялар жас парлаған.  
Көшеңде Арыстардың есімі тұр,  
Халқымның рухысың аспандаған.

Осынау жұмақ мекен жерде жұмыр,  
Өткізсем арманым жоқ сенде ғұмыр.  
Дәл мендей қадіріңе жете алмайды,  
Қаққандар алшаң басып кеудені құр.

Беріліп бейбіт күннің сыбағасы,  
Бекіген бостандықтың бұғанасы.  
Әлемге биігінен көз тастаған,  
Астана – азаттықтың мұнарасы.

## БАУЫРЖАН БАБАЖАНҰЛЫ II орын

### ТӘУЕЛСІЗДІК КӨШЕСІНІҢ ТҰРҒЫНЫ

Бір күнінен айнымайтын бір күні,  
Жап-жас көше сыпырушы – ол, үлгілі.  
Басыбайлы пәтері жоқ демесең,  
«Тәуелсіздік» көшесінің тұрғыны.

Тұрмысы әлі жатса-дағы келіспей,  
Астанаға кеп қалғаны – жеңістей.  
«Тәуелсіздік» көшесіне түкірген  
Шенділерді ұнатпайды ол іштей.

Қүйттегені – жаздың қамы, қыс қамы,  
Жо-жоқ, батыр аулақ ойдан ұшқары –  
Күл-қоқыстан арылса екен Астана,  
Содан кейін күллі Қазақстаны...

Одан басқа жоқ болғасын сенері,  
Отанына қолдан келер көмегі –  
Астанасын, сосын байтақ даласын  
Сыпыртқы алып, тазартқысы келеді.

Өзгелерге кетіп жатқан есесін  
Түгендесе әкеп әке-шешесін,  
Елордаға мықтап қағып қазығын  
Жарқыратып «Тәуелсіздік» көшесін.

Бетіне айтып, келмесе де дұшпан боп,  
Біледі анық, айналада іштар көп.  
Шырт ұйқыдан оянады кей түні:  
«Менің елім!», «Біздің Қазақстан...» деп.

Тұрмысы әлі жатса-дағы келіспей,  
Астанаға кеп қалғаны – жеңістей.  
«Тәуелсіздік» көшесіне түкірген

Бай-бағыланды ұнатпайды ол іштей.

Ұлы қазақ даласына мұрагер  
Сезінгесін қамықпайды сірә да, ер.  
Жалаңаяқ, Айбынды Астанасының  
«Тәуелсіздік» көшесінде тұрады ол...

## МҰРАТ ШАЙМАРАНҰЛЫ II орын

### ТОПЫРАҚ (БАЛЛАДА)

Әжеңіз сексен беске жасы келген:  
«Қызығым жетер, – дейді, – осы көрген».  
Ұршығы шыр айналып...  
Шуда түтіп,  
Бұрымдап немеренің шашын өрген.

Таң қалам көрген сайын «бәлі...!» деп мен,  
Мейірі жұлар атқан әлі көктем.  
Быттыр күз қаз қанатын қаққан шақта,  
Оралмас бір сапарға шалы кеткен.

Есінде өткен өмір мол кешуі,  
Осы әжең – ағыл-тегіл, көл-көсірің.  
Маздап бір жылу шашып отыр аман,  
Ырысты ошағындай кенжесінің.

Ақ боз үй ұлан-асыр көңілді бек,  
Ешкімге көрсетпейді өңін жүдеп.  
Құрсағын жарып шыққан төртеу түгел,  
Қыз – самал,  
Ұл – арыстан,  
Келін – жібек.

Жаяды ана құстай кең қанатын,  
Көзіңде тектіліктің жанған оты.  
Жетпіс жыл бұл босаға келіні боп,  
Жетпіс жыл келді әулеттің тергеп атын.

...Ерке өзен,  
Масайраған маусым айы,  
Жағада шулар топ боп жаршы қайың,  
Кенжесі келді барып қала жаққа  
Бітірген бір шаруаны бар сыңайы:

«Айтарсың өзін кіріп әр отауға,  
Бұл өзі – ұрпақ үшін дара талғам!  
Бұл мекен енді бізге...  
Қайдам бірақ...  
Көшеміз! – деді, – алысқа – Сарыарқаға»

«Қайсы арқа...? Қаратау ма?  
Алшақ іргең,  
Әй, балам, көп қозғама!  
Шаршадым мен...  
Есіме түсіп отыр... Өкең марқұм,  
Сол таудан насыбайға арша ап жүрген...»

Шоқыға құлап барып күн ілінді,  
Мырс етіп аңқау сөзге ұлы күлді:  
«Сарыарқа – Атамекен, Астана ғой,  
Сонда өткіз енді қалған ғұмырыңды...!»

\*\*\*

Көзінде мөлтіл қағып төмем көлі,  
Әжеден маза кеткен содан бері.

Қарайып дөң басында жүріп алды,  
(әйтпесе ол сабырсыздау адам ба еді.)

Дөң басы – ата зират, қорым ескі,  
Ғасырлап әруақ шулап, пері көшті...  
Алшындап алмағайып тірлік өніп,  
Аспаннан құлдыз ағып, өмір өшті.

Үстінен жасыл бояу шалқи ағып,  
Жоталар – аңқау бала... аңқияды,  
Сүрлеулер – тарам-тарам тарихындай,  
Тұлпардың дүбірлеткен сан тұяғы.

«Әлі де болмадың, – деп, – бізді ұғынып»,  
Қыр гүлі назданады жүз құбылып,  
Бел асқан сағымдардың арасында,  
Жүргендей бұлаң қағып қыз ғұмыры.

Кеміріп жатқандайын сүйегін құрт,  
Бір күдік аңғалайды жні емініп.  
Көзіне көлденендеп тұрып алды,  
Аттаған келін болып киелі жұрт...

Түн жапты, ай қараңғы, жұлдыз жарық,  
Жанады ауыл оты мың қозданып.  
Күрсінді көкірегің қарс айырып,  
Орқашар қалды орнынан бір қозғалып.

Салса да сан сағыныш, сан уайымға,  
Сезінбеу қасиетін қандай құна.  
Шымшылдап шым астынан топырақты  
Алды да басты әжеңіз маңдайына.

Тірліктің оралмасын жолы қайтып,  
Сезсе де иланбайды көңіл-ай түк.  
Мөлтілдеп бетегеге тамған жасы,  
Бергендей жан сырының бәрін айтып...

Күн сүйіп секі шоқы иықтарын,  
Бал бұлақ таңның бастар сүйікті әнін.  
«Тәуекел! Біз көшеміз...» деді әжеңіз  
Ертесі ұлдарының жиып бәрін.

«Жер шалғай, асты да емес ана қырдың,  
Қамы бұл жас өркен мен жаман ұдың...  
Азағантай бұйымтайым – туған жердің  
Бір уыс топырағын ала жүргін...!»

Күзеткен жаны шерлі жадау елді,  
Өткенге тек обалар ғана белгі.  
Қайран баба даласы қақ бөлінген,  
Бүк түсіп бір күрсініп қала берді...

\*\*\*

Жетті әжең Сарыарқаның төсіне кеп,  
Басынан сан ғажапты кешіп әлек.  
Таңырқап жақұт сынды жас қалаға,  
Жер ұйық Асан айтқан осы ма деп.

Ұмытып өткен күнді нарауы көп,  
Бір шаттық ішті кернеп жанады үдеп.  
Қарайды самалдықтан  
Желбіреген  
Көк туды аймалайды Ана – жүрек.

«Болса да бір аңсауым көңілде алан,  
Сыйлапты-ау ырыздығын өмір маған...»







## САЯБАҚ – ЖАНҒА САЯ

«Егемен Қазақстан» газеті көшесі бойынан Журналистер саябағы ашылды. Салтанатты іс-шараға Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дархан Қыдырәлі, Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек арнайы қатысты.

Министр Дархан Қыдырәлі: «Бұл оқиға – журналистерге көрсетілген құрметтің бір көрінісі. Осыдан екі жыл бұрын дәл осы маңда Президенттің қатысуымен Алаш қайраткерлерінің ескерткіші ашылғаны белгілі. Сол қаламгерлер саябағына ұласып жатқан журналистер саябағы ұлт руханиятының сабақтастығын көрсетеді» деді. Журналистер саябағындағы сәнді стелада қазақ мерзімді

баспасөзінің бағдаршысы Ахмет Байтұрсынұлы мен ұлт журналистикасының байрағы Шерағанның бейнесі мен ұлағатты сөздері таспаланды. Елдегі бұқаралық ақпарат құралдарының аты ойып жазылған бұл ескерткіш отандық журналистиканың жылнамасы іспетті.

Елорда 25 жылдың ішінде тек әкімшілік орталық қана емес, мәдени және рухани ордаға

айналғанын айтқан қала әкімі Жеңіс Қасымбек Журналистер саябағы елорданың тартымдылығын арттырып, келбетіне жаңа рең беретінін атап өтті.

Саябаққа жаңадан ағаштар отырғызылып, жасыл желегі молая түсті. Қала тұрғындарының демалып, тынығуы үшін орындар қойылды. Онда «Қазақстан және БАҚ», «Журналист және оператор», «Оқырман» мүсіні тұр.

## ЖАЯУ ЖҮРГІНШІГЕ ЖАЙЛЫЛЫҚ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Астана қаласын дамыту мәселелері жөніндегі кеңесте жаяу адамға арналған көшені көбейту керегін ескерткен еді. Президент тапсырмаларын жүйелі орындау қолға алынды. Оған Астанада кезекті жаяу жүргіншілер променадының ашылуы дәлел.

Соңғы жылдары елордалықтардың қолайлы демалысы үшін жаңа әрі тартымды орындар ашылуда. Бас қалада жанданған көшенің бірі – Қ.Сәтбаев көшесі. Мұнда Қ.Мұңайтпасов көшесінен А.Петров көшесіне дейін қайта жаңғырту жұмысы жүргізілді. Жаяу жүргіншілер жолының жалпы ұзындығы – 3,5 шақырым.

– Қ.Мұңайтпасов көшесінен А.Петров көшесіне дейінгі жұмыс аяқталды. Көлеңкелі шатырлар, ойын алаңдары

орнатылып, ағаштар мен жасыл желектер отырғызылды. Бұл – қаладағы көгалдандырылған көшелердің бірі. Мұнда ірі жөке ағаштары, көпжылдық бұталар және т. б. отырғызылды, – деді қала әкімі Жеңіс Қасымбек.

Ал А.Петров көшесінен Б.Момышұлы даңғылына дейінгі учаске қыркүйек айына дейін аяқталады.

– Қала тұрғындары мен қонақтары үшін Ақбұлақ жағалауы жайлы орынның бірі болады, ал «Амман» және «Абылай хан» көпірлерінің

астында жаяу жүргіншілер өткелі құрылды. Олар Ақбұлақ өзенінің бойындағы саябақ кластерін өзара байланыстырады.

Орталық жағалаудың тарихи көшелері (Желтоқсан, Бейбітшілік, Бұқарбай батыр көшелері) және т. б. жаңарып жатыр. Биыл барлығы 165-тен астам аула мен қоғамдық кеңістікті абаттандырамыз, – деді елорда басшысы.

Бас қаланы жасыл әрі жайлы қала ететін жұмыстар жалғаса береді.



## 90 АВТОБУСПЕН ТОЛЫҚТЫ

Елдегі ірі мегаполиске айналған Астанада қоғамдық көлік санын арттыру маңызды міндетке айналды. Осындай қажеттілікті ескерген Астана қаласының әкімдігі автопарктердің 90 жаңа автобуспен толығын қолдады.

Қоғамдық көліктің бір бөлігі – электр автобустары. Жаңа автобустар интеллектуалды бақылау жүйесімен, пандустармен және ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған арнайы орындармен жабдықталған.

«Жалпы, биыл қоғамдық көлік паркін 400 автобуска арттыруды жоспарлап отырмыз. Мәселен, күн сайын желіге орта есеппен 900 автобус шығады. Осылайша, 400 жаңа автобус автопарктегі едәуір ұлғайтуға, жаңа маршруттарды іске қосуға, қоғамдық көлікті күту уақытын қысқартуға, ескі автобустарды

кезең-кезеңімен ауыстыруға және т. б. мүмкіндік береді» деді Жеңіс Қасымбек.

Автобустардың бір бөлігі «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ арқылы қоғамдық көлікті жеңілдетілген лизингтік қаржыландыру бағдарламасы бойынша, сол сияқты жеке автопарктердің қаражаты есебінен сатып алынды.

Елордада күн сайын рейсте 900-ден аса автобус қызмет көрсетсе, қала тұрғындарына сапалы қызмет көрсету үшін 1500 автобус керек екен. Елорда әкімдігі бұл мәселені елде өндірілетін автобуска лизинг алу арқылы шешпек.

## ЛАЙЫҚТЫЛАР ТАНДАЛАДЫ

Отбасы құндылығын дәріптейтін «Мерейлі отбасы» ұлттық байқауы дәстүрге айналды. Биыл 10-рет өткізілетін байқау жеңімпаздары 10 шілдеде марапатталады.

Үздіктерді анықтау «Мерейлі отбасы-2023» ұлттық байқауы қалалық кезеңінің лауреаттарын анықтау жөніндегі комиссияға міндеттелді. Комиссия төрағасы, Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен:

– Қазақ отбасыларының жағымды имиджін насихаттайтын байқауға қатысқандардың ең лайықтысын таңдап алу өте маңызды. Әрине, байқауға қатысуға тілек білдірген отбасының барлығы жеңімпаз болуға

лайықты. Дегенмен конкурстың критерийіне сай отбасылар туралы мәліметті талдап, талқылап, ортақ мәмілеге келіп, әділ шешімін шығаруымыз керек, – деді.

Ал қалалық Ішкі саясат басқармасының басшысы Дәурен Бамамұратов аталған байқауға дайындық 1 мамырдан басталғанын айтты. Яғни анонстық бейнероликтер арқылы көпшілік байқаудан хабардар болды.

15 мамырдан бастап әкімдіктің

ресми сайтында өтінім қабылданып, 1 шілдеге дейін жалғасты. Биыл қала бойынша байқауға 210 өтінім түсті. Ал 2022 жылы – 151, 2021 жылы – 120, 2019 жылы – 63, 2018 жылы 51 өтінім түскен-ді.

Байқауда 1-орын алған отбасы 1 млн теңге алса, 2-орынды иеленген екі отбасы 700 мың теңге, 3-орын иегерлері 500 мың теңгеге қол жеткізеді. Одан бөлек, 10 номинация бойынша жүлдегерлер анықталады.

## КЕЛ, АСЫҚ ОЙНАЙЫҚ!

Астананың 25 жылдығына орай Сарыарқа, Алматы және Есіл ауданында асық алаңы ашылды. Бұған Мәжіліс депутаты Айдарбек Қожаназаров, «Асық ойыны» федерациясының жетекшілері және қала тұрғындары қатысты.

Іс-шараға қатысқан қала тұрғындары асық ойнап жарысты әрі үздіктерге асық сыйға берілді. Бұл бастаманың мақсаты – өскелең ұрпақтың бойына отаншылдық сезімді сіңіру.

Шын мәнінде, асық ойыны жастайынан баланың ой-қабілетін шыңдап, епті, ширақ, ұстамды, сергек болуға баулиды. Сол себепті асық ойынын жан-жақты дәріптеп, дамыту – маңызды міндеттің бірі.

Асық алаңдарын Алматы ауданындағы Студенттік саябақта және Есіл ауданындағы «ЭКСПО» аумағынан табуға болады. Алдағы уақытта дәл осындай алаңдар елорданың басқа аудандары мен елдің өзге өңірлерінде ашылады.

Алаңдардың басты ерекшелігі – асық тарихы және ойын түрлері мен ережелері туралы мағлұматты арнайы енгізілген QR-код арқылы білуге болады.



## МЕРЕКЕЛІК ШЫҒЫС ЖӘРМЕҢКЕСІ



«ЕХРО» халықаралық көрме орталығында «Елорда базары» шығыс жәрмеңкесі ашылды. Елорданың 25 жылдығына орай ұйымдастырылған жәрмеңке 7 шілдеге дейін созылады.

**Индира БЕРЖАНОВА**

Еліміздің бас қаласына әр өңірдің кәсіпкерлері жиналды. Үздік шаруа

қожалықтары мен тауар өндірушілер шығыс жәрмеңкесінде өз өнімдерін нарықтағыдан 10-15 пайызға арзан бағамен ұсынды.

Астана қаласы Инвестициялар және кәсіпкерлікті дамыту басқармасы басшысының орынбасары Мақсат Жанабаевтың айтуынша, өз өнімдерін ұсынған кәсіпкерлер үшін жәрмеңке елорданың сауда орталықтарына кіруге мүмкіндік береді. Шығыс стиліндегі жәрмеңке көптің сұранысына сай әрі қарай жалғасады.

Жәрмеңкенің шығыс стилінде өтуінің өзі ерекше болды. Мұнда этностильдегі киімдердің, зергерлік бұйымдардың, керамика, металл, киіз және жібектен жасалған заттардың, қадесийлардың жаңа топтамалары ұсынылды. Сондай-ақ көпшілік үшін шығыс тағамдары фестивалі ұйымдастырылды. Мерекеге орай барлық өнімге жеңілдік қарастырылған. Жәрмеңке 7 шілдеге дейін жұмыс істейді.

Жәрмеңкемен қатар, елордалық 100-ге жуық компания «Қазақстанның үздік тауары» өңірлік көрме-байқауына қатысты. «Өндірістік мақсаттағы үздік тауарлар», «Халыққа арналған үздік тауарлар» және «Үздік азық-түлік тауарлары» номинациялары бойынша үздік тауар өндірушілер тандалып, оларға бағалы сыйлықтар табысталады.

Сондай-ақ байқауда алғаш рет «Елорда базары» шығыс жәрмеңкесі аясында жергілікті шикізаттан өндірілген «Бір ауыл – бір өнім» жобасына 72 адам қатысып, өз өнімін ұсынды.

## ГҮЛ КӨМКЕРГЕН ШАҒАР

Астананың 25 жылдығына орай «ЕХРО» халықаралық көрме орталығының аумағында «Gul Astana» гүл фестивалі ашылды.

Мерекелік іс-шара Creative agency «Funk» компаниясы және Астана қаласы креативті индустрияларды дамыту орталығының қолдауымен өткізілді. «Gul Astana» бағдарламасында табиғатқа, қалалық қоршаған ортаға, саналы тұтынуға экологиялық қатынас саласындағы қоғамдастықтардың қызметіне арналған Public talk, атақты суретшілердің жанданған картиналарының шеруі, «Жанданған гүлдер» перформативті инсталляциялары қойылды. Суретшілер, сәулетшілер, мүсіншілер арасындағы «Гүл шаһары – Астана» байқауының 15 үздік жұмысы таныстырылды. Іріктелген жұмыстардың ішінде «Nuar Astana» шеберлік студиясының кәсіпкері Сұңғат Әнуарбек таныстырған жоба болды. Өзіндік ерекшелігі бар жоба қоғам назарын қалдықтарды қайта өңдеуге, одан түрлі бұйым жасауға болатынын түсіндіруге бағытталды.

Фестиваль продюсері Майра Измайылованың айтуынша, іс-шараға қатысушылар үшін қалалық қауымдастықтар мен олардың қызметіне арналған тегін интерактивті орындар ашылады. Гүлдер фестивалі еліміздің әр өңірінен келген экологтар, 20 флорист, урбанист, эко-кәсіпкерлер мен өнер қайраткерлерін біріктірді.



Фестивальде Қазақстанның табиғи аймақтарының ландшафтында безендірілген киіз үйлер орнатылып, флористер байқауы, сүйіктісіне өз сезімін білдіру бойынша «I love» байқауы ұйымдастырылды. Бүгін де жалғасатын фестивальде байқаудың жеңімпаздары анықталып, БАӘ-ге екі адамға жолдама табысталады. Бұл байқаудан бөлек мұнда «EcoDay» менің қалам – менің үлесім» байқауы қорытындыланады.

Сондай-ақ фестивальде қаланың

жасыл картасы көрсетіліп, келушілер үшін қаланы көгалдандыру және қоғамдық кеңістіктер жетіспейтін орындарды көрсетуге мүмкіндік береді. Мұндай орындарды фестиваль қатысушылары картада арнайы белгілеп көрсетеді. Астана қаласы әкімдігі Урбанистика басқармасының мәліметінше, қала тұрғындарының ұсынысы елорданы көгалдандыру мен абаттандыруды жоспарлау кезінде ескеріледі.

**Адель АБДРАХМАНОВА**

## САПАРЫН АСТАНАҒА АРНАДЫ



Қытай Халық Республикасынан жаяу шыққан Есбол Асқарұлы Астанаға жетті. 60 күнде 3000 шақырымды жаяу жүріп келген марафоншыны елорда тұрғындары мен қонақтары қарсы алды.

Астананың төл құрдамы Қытайдың Манас ауданынан 1 мамырда жаяу жолға шыққан еді. Екі айға созылған сапарға ол 4 жыл дайындалды. Сол уақыт ішінде ол күнделікті 15-20 шақырым жүгіруді әдетке айналдырды. Мақсаты – қазақ-қытай достығын әлемге әйгілеу.

Марафоншымен кездесу барысында Алматы ауданы әкімінің орынбасары Нұрмат Абдраимов оған алғыс хат табыстады.

«Еуразияның төріндегі Қазақстанның бас қаласы – Астананың 25 жылдығы қарсаңында дөңгеленген дүниенің жүзін жаяу аралап, марафонды елордамызда сәтті аяқтауыңызбен шын жүректен құттықтаймын! Бүгінгі таңда 1,5 миллионға жуық тұрғыны бар, қарқынды дамып келе жатқан елорда күні мерекесіне орай Астанаға ат басын тіреуіңіз әуелі жоспар-

ланған жолдың межесіне жетіп, қазағымыздың қайсар қасиетін насихаттаудағы ізгі ниетіңізге ыстық ықыласымызды білдіреміз» делінген алғыс хатта.

Кейін қала тұрғындары мен қонақтары марафоншының иығына шапан жапты.

Есбол бұл сапарын елорданың туған күніне арнады. Бала кезден бергі арманы «Бәйтеректі» көру еді. Болашағын да Қазақстанмен байланыстырғысы келеді. Кәсіп ашып, ел дамуына үлес қоссам дейді.

«Атажұртқа сағынышымыз ерекше. Жол бойы Қазақстанның көрікті жерлерін, тарихи орындарын суретке түсіріп, әлеуметтік желілерге салып отырдым. Оларды Қытайдағы қандастарым көріп, жақын танысты. Осында жиналған қауымға алғыс айтамын. Мені құшақ жаяу қарсы алып, жылы лебізін білдіріп жатыр» деді Есбол Асқарұлы.

Нұра ауданындағы «Үркер» тұрғын алабында дене шынықтыру-сауықтыру кешені ашылды. Көпфункционалы жаңа нысанда 260 оқушы заманауи үлгідегі бұқаралық спорт түрлері, фитнес және велоспорт залында тегін спортпен шұғылданады.

## СПОРТ КЕШЕНІ – «НҰРА»

2600 шаршы метрден астам залда балалар көркем гимнастика, батут гимнастикасымен айналысады. Сондай-ақ қазақ күресі, киокушинкай-кан каратэ, дзюдо, кикбоксинг, пауэрлифтинг және муатай сияқты спорт түрінің қыр-сырын үйренеді. Жасөспірімдердің тоғызқұмалақ, үстел теннисі және велоспорт бойынша сабақтарға қатысуға мүмкіндігі бар.

– Бұл кешен «Үркер» тұрғын алабының барлық тұрғыны үшін маңызды орынға айналады. Балаларымыз оқитын, зейнеткерлеріміз демалатын жер

болады. Мұнда жаттығатын жастардың болашақта даңқты спортшы болатынына сенемін, – деді Астана қаласы әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов. 5-20 шілде аралығында жаңа спорт кешеніне тіркелуге өтініштер қабылданады. Қажетті құжаттар тізімі Нұра ауданы әкімдігінің ресми парақшаларында жарияланады.

Бұл жерде Халыққа қызмет көрсету орталығының бөлімшесі мен полиция бөлімшесі де орналасады. Сонымен қатар қарттарға арналған түрлі клуб жұмыс істейді.

**«Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі Астана қаласы әкімдігінің «АИТВ инфекцияларының алдын алу орталығы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының (бұдан әрі – кәсіпорын) директоры бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды. Кәсіпорынның орналасқан жері: 010000, Астана қаласы, Есенберлин көшесі, 5/1-үй, жұмыс тел.: 8 (7172) 38-15-85.**

**Конкурсның өтетін күні мен орны:** 2023 жылғы 20 шілде, «Астана қаласының Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесі.

Орналасқан жері: пошта мекенжайы, телефондар және электрондық пошта мекенжайы: 010000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 11, 411-кабинет, анықтама телефоны: 8 (7172) 557486, m.tashenova@astana.kz

**Кәсіпорынның негізгі қызметінің қысқаша сипаттамасы:**

- \* профилактикалық және эпидемияға қарсы іс-шаралар кешенін жүргізу, АИТВ-инфекциясын диагностикалау және емдеу;
- \* денсаулық сақтау ұйымдарында және АИТВ-инфекциясына жедел тесттерді пайдаланатын үкіметтік емес ұйымдарда жылна бір рет АИТВ-инфекциясына жедел тестілеудің сапасына сыртқы бақылау жүргізу;
- \* АИТВ-инфекциясы мәселелері бойынша бұқаралық ақпарат құралдары арқылы халықты ақпараттандыруды жүзеге асыру;
- \* уәкілетті орган белгілеген тәртіппен тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі (бұдан әрі – ТМККК) шеңберінде АИТВ-инфекциясы мәселелері бойынша халықты тексеру және консультация беру;
- \* АИТВ-инфекциясы мәселелері бойынша ұйымдастыру-әдістемелік және консультативтілік көмек көрсету мақсатында бастапқы медициналық-санитариялық көмектің медициналық ұйымдарымен, меншік нысанына қарамастан, денсаулық сақтау ұйымдарымен, үкіметтік емес ұйымдармен, қауымдастықтармен, қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимылды жүзеге асыру;
- \* АИТВ-инфекциясы жағдайларына эпидемиологиялық тексеру жүргізу, белгіленген байланыстағы адамдарды тексеруге мониторинг жүргізу, эпидемияға қарсы іс-шаралар кешені;
- \* нәтижелерін талдай отырып, халықтың негізгі топтарында АИТВ-инфекциясының таралуын эпидемиологиялық бақылау жүргізу;
- \* АИТВ-инфекцияларының және АИТВ-қауымдастырылған ауруларды диагностикалау, емнің тиімділігін зертханалық мониторинг және ГОМБП аясында зертханалық зерттеулер жүргізу;

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- \* «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау менеджменті» («Қоғамдық денсаулық сақтау») мамандығы бойынша біліктілікті арттырудан (қайта даярлаудан) өткені туралы куәлік және (немесе) тиісті мамандық бойынша біліктілікті беру туралы куәлік (немесе сертификат);
- \* немесе «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары білім, «Денсаулық сақтау» немесе «Бизнес және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA немесе full-time (фултайм) дәрежесі;
- \* немесе «Бизнес, басқару және құқық» даярлау бағыты бойынша жоғары білім және «Денсаулық сақтау» даярлау бағыты бойынша жоғары оқу орнынан кейінгі білім немесе EMBA немесе full-time (фултайм) дәрежесі;

**Конкурсқа қатысушыларға қойылатын талаптар:**

- 1) конкурсқа қатысу туралы өтініш;
- 2) мемлекеттік және орыс тіліндегі түйіндеме;
- 3) еркін нысанда жазылған өмірбаян;
- 4) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың нотариалды куәландырылған көшірмелері;
- 5) еңбек қызметін растайтын, нотариат куәландырылған не жұмыс орнынан кадр қызметі куәландырылған құжаттың көшірмесі;
- 6) «Денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 30 қазандағы ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген №075/е нысаны бойынша денсаулық жағдайы туралы медициналық анықтама, сотталығының жоғы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасы Құқықтық статистика және арнайы есепке алу комитетінің анықтамасы;
- 7) Қазақстан Республикасы азаматтың жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі, фото 3x4 (2 дана).

**Құжаттарды қабылдаудың басталу күні және конкурсқа қатысу туралы өтініштерді беру мерзімі:** құжаттар хабарландыру ресми бұқаралық ақпарат құралдарында, уәкілетті мемлекеттік органның және мемлекеттік кәсіпорынның интернет-ресурсында орналасқан күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде қабылданады.

«Ломбард Нұр Алтыны Астана» ЖШС сатып алынбаған мүлікке (зергерлік бұйымдарға) аукцион жариялайды. Аукцион ағылшын әдісі бойынша 2023 жылғы 18, 19 шілдеде сағат 10:00-де өтеді, мекенжайы: Ш.Айтматов көш., 36 н.п. 84, тел.: 8-7172-33-32-73.

Астана қалалық және Алматы аудандық Ардагерлер кеңестері еңбек ардагері **Балтабай Ғаббасұлы Ыбырайымбековтің** қайтыс болуына байланысты туған-туыстарына қайғырып, көңіл айтады.

Жеңіл атлетикадан КСРО спорт шебері, Азия ойындарының чемпионы, Қазақстан рекордсмені, 1988-1994 жылдары Целиноград қаласы Спорт комитетінің төрағасы болған, 1949 жылы туған **Қононов Анатолий Степанович** 75-ке аяқ басқан шағында өмірден өтті.

Анатолий Степанович дене шынықтыру мен спортты дамыту ісіне адал қызмет еткен, қаладағы спортшылардың бірнеше буын ұрпағына үлкен спортқа жолдама берген.

Оның жарқын бейнесі ұрпақтардың жүрегінде сақталады. Астана қаласының мәслихаты Анатолий Степановичтің туыстары мен жақындарына көңіл айтады.

Газетіміздің келесі саны 2023 жылдың 11 шілдесі күні шығады.

12



№79-80 (4513) 06/07/2023 Бейсенбі

6.07  
16:00

«Толағай»  
алыптар сайысы

Орталық саябақтың  
автотұрағы

6.07  
19:00

«Болмаған  
балалық шақ»

Әзірбайжан  
Мәмбетов  
театры

6.07 15:00

«Гүл шаһары – Астана»  
республикалық  
суретшілер пленәрі

ЭКСПО алаңы

6.07  
11:00

«Думанды Астана»  
мерекелік концерті

Астана қаласының  
маңындағы  
аудандар

6.07  
10:00

Бәйге түрлерінен  
республикалық  
турнир

«Қазанат»  
атшабары

6.07  
18:00

OPEN AIR  
ашық аспан  
астындағы  
мерекелік  
концерт

ЭКСПО алаңы

8-9.07  
19:00

«Қыз Жібек» мюзиклі

Музыкалық жас  
көрермен театры



7.07  
16:00

«Қаңбақ шалдың  
оқиғалары»

Абу-Дави Плаза



8-9.07  
18:00

«Күле аласыз ба?»  
«Қанаттылар»  
инклюзивті театры

Жастар театры



6-8.07

MEREKE STREET  
фестивалі

Орталық саябақ

7.07  
19:00

Камеральқ  
музыка кеші

Астана Балет

7.07  
19:30

«Шаншар»,  
«Алдараспан»

«Астана»  
концерт залы

7.07  
11:00

Кітап фестивалі

ЭКСПО алаңы



6-9.07  
16:00

«FRANKE SHOW»

Астаналық цирк



7-8.07  
17:00

Astana Jazz Fest  
Амфитеатр



Газет ҚР Ақпарат және  
коммуникациялар  
министрлігінің  
Ақпарат комитетінде  
23.05.2018 ж. тіркеліп,  
№17120-Г куәлігі берілген.  
Меншік иесі:  
«Elorda Aqparat» ЖШС

Директор –  
Олжас СЫДЫҚБЕК

Бас редактор –  
Еркін ҚЫДЫР

Бас редактордың  
орынбасары –  
Ғалым ҚОЖАБЕКОВ

Газетте жарияланған материалдарды  
сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.

Газет сейсенбі, бейсенбі және  
сенбі күндері шығады.

Жарнама мен хабарландырулардың  
мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

Газет «ASTANA AQSHAMY» газеті редакциясының  
компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.  
Тираж – 5100. Апталық таралымы – 15 300  
Тапсырыс №79-80

Баспахана: Астана қаласы,  
Сілеті көшесі, 30-й  
«Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС

Редакция мекенжайы:  
010000, Астана қаласы,  
Достық көшесі, 13, «Нурсая-2» ТК

Қабылдау бөлмесі:  
тел./факс: +7 (7172) 42-43-81  
Тілшілер бөлімі: 42-41-03  
Жарнама: 42-43-52  
Va-reklama@mail.ru

aqsham1990@mail.ru

Кезекші редактор – Нұрлат БАЙГЕНЖЕ